
Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

2020 жылы атқарылған жұмыстар есебі



Сарайшық 2020

Есеп құрылымы

1 Ғылыми кеңес жұмысы
2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары
2.1 Ғылыми жобалар
2.2 Жарық көрген еңбектер
2.2 Экспедициялар
3 Мәдени білім беру, дәрістер
4 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі
4.1 Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар
4.2 Археология жұмыстары
4.3 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы»
4.4 Реставрация жұмыстары
5 Ұйымдастырылған конференция, дөңгелек үстелдер және оларға қатысу
5.1 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстелдер
5.2 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы
6 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары
6.1 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы
6.2 Ғылыми кітапхана
6.3 Экспозиция-көрме жұмыстары
6.4 Экскурсия
7 Музей-қорық ақпараттық- насихаттық жұмыстары
7.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының (бұдан әрі – Музей-қорық) қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы
7.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары
7.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар
7.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы
8 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар
8.1 Тәжірибе алмасу, ынтымақтастық жұмыстары
8.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары
9 Мәдени-көпшілік шаралар
10 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар
11 Шаруашылық жұмыстары
Қорытынды

1 Ғылыми кеңес жұмысы

2019 жылы «Сарайшық» музей-қорығында ғылыми-зерттеу, әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарының негізгі бағыттарын анықтау мақсатында Ғылыми кеңес құрылған болатын. 2019 жылы Ғылыми кеңестің 4 отырысы өткізілсе, 2020 жылы да «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы **4** отырыс өткізді.

2020 жылы 6 ақпанда Ғылыми Кеңестің №1 отырысы өтті. Күн тәртібінде төмендегідей мәселелер қаралды:

1. 2019 жылы атқарылған жұмыстар және алдағы міндеттер (Ә. Мұқтар)
2. Музей-қорықтың және Ғылыми кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту (Ж. Диярова)
3. Ағымдағы мәселелер:

- Музей-қорықтың Алтын Орданың 750 жылдығына арнаған шараларын бекіту (А. Тұраруұлы)
- «Ортағасырлық Сарайшықтың 10 ерекшелігін» бекіту (А.Жұмабаев)
- «Ортағасырлық Сарайшық» музей-қорықтың виртуальды турымен таныстыру (Ж.Байғалиев), т.б. мәселелер қарастырылды.


Отырыс нәтижесінде музей-қорықтың және Ғылыми кеңестің 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, ағымдағы мәселелер бойынша музей-қорықтың Алтын Орданың 750 жылдығына арналған шаралары және «Ортағасырлық Сарайшықтың 10 кереметі» бекітілді. «Ортағасырлық Сарайшықтың 10 кереметіне» арналған жарнама постер дайындалып, әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталды.



2020 жылдың мамыр айында Ғылыми Кеңестің №2 отырысы пандемияға байланысты онлайн форматта өткізілді. Күн тәртібінде: ортағасырлық Сарайшықтың қорғау аймақтарын анықтау мәселелері (М.Әбдіғалиев), музей-қорықтың республикалық, халықаралық байланыстары және ондағы міндеттер (А.Тұраруұлы) мәселелер қаралып, тиісті Қаулылар қабылданды.

2020 жылдың қазан айында №3 Ғылыми Кеңес отырысында музей жәдігерлерін қалыпқа келтіру, сынамадан өткізу мәселелері (О.Сағынбаева), «Ортағасырлық Сарайшық» энциклопедиясы, оның дайындығы (Б.Әбдешов) мәселелер бойынша баяндамалар тыңдалды. Нәтижесінде төмендегідей брошюралар баспаға ұсынылды:





2020 жылдың 9 желтоқсанында Ғылыми Кеңестің №4 отырысының күн тәртібінде:

1. Музей-қорықты туризм аймағына айналдыру және оның келешегі (О.Сағынбаева)
2. 2020 жылғы ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық барлау және реставрация жұмыстары (А.Тұраруұлы)
3. Ғылыми жұмыстар және оның нәтижелері (А.Жұмабаев)

Әр түрлі мәселелер :

- «Сарайшық жәдігерлері» кітабын даярлау жұмысынан мәлімдеме (О.Сағынбаева)
- «Ортағасырлық Сарайшық аумағындағы тарихи ескерткіштер» кітабын даярлау жұмысынан мәлімдеме (Н.Нұғманова)

Отырыс нәтижесінде қаралған мәселелердің қаулылары бірауыздан қабылданып, музей-қорықтың «Сарайшық жәдігерлері» және «Ортағасырлық Сарайшық аумағындағы тарихи ескерткіштер» атты ғылыми еңбектері жариялауға ұсынылды.



Сондай-ақ, музей-қорықтың карантиндік кезеңде жоспарға сай жұмыс атқаруын қамтамасыз ету мақсатында музей-қорықта **3** отырыс онлайн форматында өткізілді.

1. 2020 жылғы 1 сәуірде әлемдік пандемия қауіпіне байланысты онлайн форматта отырыс өтіп, музей-қорық ғимараттары ішіне, мекемеге тиесілі аумақта санитариялық-дезинфекциялық жұмыстар жүргізу, жылдық жұмыс жоспарын қайта қарау және карантин кезінде жаңа жоспар жасақтауға, т.б. мәселелері күн тәртібіне қойылды. Қарастырылған мәселелер бойынша музей-қорық директоры Ә.Мұқтар пандемия кезінде музей ғимараты ішіне, мекеме ауласында санитариялық-дезинфекциялық жұмыстар үздіксіз жүргізілуге, музей-қорықтың карантин кезіне арналған жұмыс жоспарын жасақтап бекітуге бөлім басшыларына тапсырмалар берді.



2. 2020 жылы 13 сәуірде карантиндік кезеңнің ұзартылуына байланысты онлайн отырыс өткізілді. Күн тәртібінде карантин кезеңіне арналған жұмыс жоспарының орындалу есебі, карантиндік кезеңнің ұзартылуына байланысты мекеменің бөлім басшыларына жаңа жұмыс жоспарын жасақтау мәселелері қарастырылды. Нәтижесінде атқарылған жұмыстар есебі тыңдалып, мақұлданды. Сонымен қатар, барлық қызметкерге өз жұмыс жоспарларына сай нақты тапсырмалар берілді. Жұмыс барысын қадағалау мекеме директорының орынбасары м.а. А.Тұраруұлына жүктеді.

3. 2020 жылғы 3 маусымдағы жиналыста музей-қорық қызметкерлерінің карантиндік кезеңде атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалып, 2021-2023 жылдарға арналған музей-қорықтың жаңа концепциясы таныстырылды.

Отырыс соңында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің марапаттары музей-қорық қызметкерлеріне табыс етілді. Музей-қорықтың бас есепші А.Қайреденова ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен, археолог А.Жұмабаев, кіші ғылыми қызметкер Н.Нұғманова, жәдігерлермен таныстырушы С.Бекешова ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет Грамотасымен» марапатталды.



2 Ғылыми-зерттеу жұмыстары, олардың қорытындылары

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мақсатында республикалық, облыстық көлемдегі тарихшы ғалымдарды жұмысқа тартылды. Олар:

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова;
- М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы, PhD докторы Эдуард Имашев;
- Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры, т.ғ.к. Нұрлан Атығаев
- ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, профессор Отарбай Кендір

2.1 Ғылыми жобалар

І Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2020-2022 жылдарға жариялаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға жариялалаған конкурсқа 2 жоба дайындалды. Жобалар 2020 жылы 3 маусымда ncste.kz сайтына қабылданды.

- «Ортағасырлық Сарайшық (XIII-XYI ғғ.)» энциклопедиясы
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, т.ғ.д., профессор
- «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері(1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым»
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Ахметова Улжан Төлегенқызы, т.ғ.д., профессор

Осы тапсырылған жобалардан, «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері(1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым», ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор У.Т.Ахметова ұтты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаражаты бойынша «Сарайшық» музей-қорығы басшылығымен Прорва лагері зерттелетін болады.

ІІ 2020 жылдың қараша айында Қазақстан Республилкасы Білім және ғылым министрлігі және Қазақстан Республилкасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған қонкурсқа төмендегі жобаларды ұсынды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына 1 жоба ұсынылды.

- Еділ-Жайық аралығындағы Алтын Орда астаналары: тарихи сабақтастық және әлемдік маңызы (Сарайшық, Сарай-Бату, Сарай Берке)
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, т.ғ.д., профессор


ІІІ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі 2021-2023 жылдарға жариялаған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа 4 жоба дайындалып, ұсынылды.

- «Алтынордалық Сарайшық қаласының цитаделі және «Хан моласы»: жаңаша көзқарас»
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, т.ғ.д., профессор
- «Қазақстанның батыс өңіріндегі Алтынордалық қалалар, көне керуен жолдары және керуен-сарайлар: пәнаралық зерттеулер (XIII-XY ғғ.)»
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Ахметова Ұлжан Толегенқызы, т.ғ.д., профессор
- «Ортағасырлық Сарайшық (XIII-XYI ғғ.)» энциклопедиясы
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Абдешев Баязи Мадешович, ф.ғ.к.
- «Батыс Қазақстанда тарихи-мәдени туризмді кластерлік дамытудың келешектік бағыттарын әзірлеу»
  Жобаның ғылыми жетекшісі: Жүсіпов Эдуард, 6D060900 география мамандығы бойынша философия докторы (PhD)



2.2 Жарық көрген еңбектер

Музей қорық ғалымдары есепті жылы монографиялар дайындауды қолға алды. Нәтижесінде т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтардың «Біріншілер» және Ә.Мұқтар, Ұ.Ахметова, А.Жумабаевтың «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы» атты монографиялары жарық көрді.






Ағымдағы жылы **1** конференция өткізіліп, баяндамалар жинағы жарияланды. Конференция интернет ресурстары арқылы ғаламтор бетінде онлайн форматта ұйымдастырылды. Жинаққа 33 баяндама енгізілген. (II ТУҒАН ӨЛКЕНІ ЗЕРТТЕУ: ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ: Республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы (15 мамыр, 2020 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2020. - 142 б.).

Осы жылы музей - қорыққа келетін туристерге ұсынатын шағын еңбектерден **«Сарайшық- Қазақ хандығының астанасы»** сериясымен **2** брошюра дайындап, шығарды.





1. Жошы Ұлысы тарихындағы - Сарайшық (№2 хаттама, қазан, 2020)
2. Сарайшық қаласының топографиялық жоспарлары (№2 хаттама, қазан, 2020)



2.3 Экспедициялар


1. 2020 жылғы 3 ақпанында «Сарайшық» музей-қорығы археологы А.Тұраруұлы және бас инспектор М.Әбдіғалиев Құрманғазы ауданындағы «К17» ЖШС қарасты Құдайберген қыраты аумағына археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Ақылы негізде жүргізілген барлау нәтижесінде ерте темір кезеңінің обалар тобын зерттеп, ескерткіште бүліну фактілері болғанын есепке алды.





2. Наурыз айында музей-қорық қызметкерлері Жайық өзенінің сол жағалауындағы Сарайшық қаласы тұсына археологиялық барлау жұмысы жүргізілді. Жайық жағалауымен ұзындығы 5 км, ені 1 км жер тексеріліп шықты. Қызылжар деп аталатын жерден қыш ыдыс сынықтары табылды. Бұл жер Жайық өзенінің ескі арнасы бойында орналасқан. Қызыл түсті қыш ыдыс сынықтарының аз мөлшерде болса да кездесуі қаланың солтүстік шекарасы өзеннің ескі арнасы бойына дейін созылған болуы мүмкін

деп топшылауға негіз береді. Бұл жердің егіндікке, шабындыққа пайдаланылғаны мәдени қабаттың түзілуіне теріс ықпалын тигізген.



Экспедиция маршруты

3. 2020 жылдың 8-9 маусым күндері бөлім қызметкерлері барлау жұмыстарына қажет құрылғыларды әзірлеп, археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Сарайшық ауылынан батысқа қарай 3 км-дей қашықтықта керамика сынықтары шашылған аумақты, арнайы металіздегіш құрылғы арқылы тексерді. 1861 жылғы әскери топограф А.Алексеевтің жазбасында Сарайшықтан батысқа 3 верст қашықтықта Сарайшықтағыдай құрылыс қалдықтары бар, керамика сынықтары шашылған деп жазылған. Зерттеген жер сол шама болуы мүмкін. Металіздегіш құрылғымен темір қазанның бөлшектері табылды. Жер бетінен қызыл түсті қыш ыдыс сынықтары кездеседі. Көлемі 50х50 см, тереңдігі 1 м шурф қазылды. Жердің беткі 3 см-дей жамылғысы қара топырақты келген, одан төменге қарай саз топырақты қабат кетеді. Ол жерде мәдени қабат анықталмады. Осы аралықта 1 гектар аумақ тексеруден өтті. Барлау жұмыстары барысында маңызы бар тарихи жәдігерлер табылмады.

4. Сарайшық - Сарай-Бату қалалары арасындағы керуен жолдарын зерттеу мақсатында, 2-3 шілде аралығында Нарын құмы аумағына археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырды. Экспедиция құрамына тарихшы ғалымдар, археологтар, аймақ тарихын

жақсы білетін жергілікті өлкетанушылар Шеген және Тастай Неталиевтер енгізілді. Экспедиция тоқтаған алғашқы нысан, 1801 жылы Жайықтың оң бетіне қазақтарды көшірген Бөкей хан Нұралыұлының Жалтыр көлі жағалауына алғаш қоныстанған жері, тастан салдырған үй-жайының орыны, осы жердегі төбе басына жерленген ханның анасы Аққолтықтың зираты болды. Сонымен қатар, Байғазы әулеті жерленген зиратына, Әзмұхан зиратына, Елекен обасына тоқтады.



Экспедиция мүшелері Орпа құмындағы Байғазы әулеті жерлеген зират басында

5. Тарихи-мәдени мұраларды қорғау бөлімінің археологы М. Әбдіғалиев пен бөлім меңгерушісі А. Жумабаев 2020 жылғы 31 шілде - 3 тамыз аралығында Сарайшық - Үргеніш қалалары арасындағы көне керуен жолдарын зерттеу мақсатында Махамбет, Мақат және Жылыой аудандарының территориясына барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстары Құлсары қаласы, Аққиізтоғай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 11,4 км жерде орналасқан Бақашы қорымынан басталды. Бақашы - Жем өзенінің бергі бетіндегі, Молхат жайлауына шектес орналасқан үлкен қауым. Оның тарихы әріден басталады.1723 тауық жылы жер мен қоныс іздеп Кіші жүз елінің бір бөлігі осында жетіп қоныстанған. Ал, Бақ-Ащы деген сөз қалмақ тілінде сәуегей-Ана деген мағынаны білдіреді. Бүгінде сол Бақашы қорымында Әжібай би, Арал батыр, Назар ата, Аймағамбет қажы, Бекқұлы ұрпақтары, Жаңай ата, Жаңабай батыр және басқада көптеген тарихи тұлғалар жерленген.



Археологтар М. Әбдіғалиев және А. Жумабаев Жылыой ауданында орналасқан Бақашы қорымында

6. Сарайшық - Сарай-Бату қалалары арасындағы керуен жолдарын зерттеу мақсатындағы жұмыстардың жалғасы ретінде, 7-8 тамыз аралығында Нарын құмының бір бөлігі Айбас елді мекеніне археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырды. Айбас өңірі солтүстік-батысында Батыс Қазақстан облысының аумағымен шектеседі. Айбас - Беріш-Жайық Сатыбалдының үлкен баласы болған делінеді. Экспедиция маршруты: Атырау-Сарайшық -Тұшықұдық- Айбас елді мекені - Тұшықұдық - Сарайшық- Атырау. Экспедиция тоқтаған алғашқы нысан, Тұшықұдық селосынан солтүстікке қарай 40 шақырым шамасындағы Таз Жастабан, Байсары Қойгелді Қожамбетұлы (1720-1790) жерленген қауым болды. Жергілікті руы Таз Дауылбай есімді азаматтың айтуынша Қойгелді Қожамбетұлы Таз руын Жайықтың арғы бетінен Нарын құмына көшін бастап келген, Жәңгірдің беделді биі болған деседі. Экспедиция мүшелері Нарын құмына ішкелей еніп, Құсқонбас, Исатай татыры, Нұралы туған жер, Досқали ағашы атты тарихи орындарға тоқтап, жергілікті өлке тарихын жетік білетін азаматтардан ақпарат жинады.



Археолог А. Жұмабаев өлке тарихының білгірі Таңатаров Сабировпен Айбас құмы аумағында орналасқан Исатай татырында

7. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының экспедиция мүшелері "Сарайшық-Сарай Бату" арасындағы керуен жолдарын зерттеу мақсатында 5-8 қыркүйек аралығында Құрманғазы, Исатай аудандары аумағында орналасқан Нарын құмына іссапарға шықты. Экспедиция мүшелері тоқтаған алғашқы нысан Мемлекеттік әнұранның авторларының бірі, көрнекті қаламгер Жұмекен Нәжімеденовке қойылған Қошалақ елді мекеніндегі ескерткіш белгі болды. Экспедиция мүшелері, Нарын құмына ішкелей еніп, Қошалақ елді мекенінен солтүстікке қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан Тасоба немесе Тастөбе төбесіне жетті. Сонымен бірге, Сағырбай қыстау, Кененбай үңгірі, Ойық суы, Бәстік қорғандарына тоқтап, ғылыми-зерттеу экспедицияна керек нақты мәліметтер жиналды.



Экспедиция мүшелері Құрманғазы ауданвнда орналасқан Кененбай үңгірінде

8. 2020 жылдың қазан айында «Сарайшық» музей-қорығының археологтары Индер ауданы аумағында орналасқан Тасоба мекені ескерткіш орнында барлау-бақылау жұмыстарын жүргізді. Осы жұмыстар барысында анықталғаны ескерткіштің беткі қабатында XIV ғасырға тән алтынордалық қыш кірпіш сынықтары, қызыл түсті және сырлы қыш ыдыстың сынық бөлшектері шашылған. Қыш кірпіш көлемі 25,5х25,5х6 см. Метал ыдыс сынықтары мен шыны сынықтары табылды. Шығыр сынықтары жатқаны, мұнда су диірменінің жұмыс жасағанын байқатады. Қытай фарфоры тәріздес селадон ыдыс сынығы да табылды, мұның бәрі бұл жерде Ұлы Жібек жолы сауда қатынасына қатысы бар елді мекеннің болғанына куә. Сарайшыққа келген сауда керуендері тек екі бағытқа емес, дүниенің төрт тарабына бағыт алғанын зерттеушілер жазып жүр. Жайықты бойлап солтүстікке бағыт алған керуендер Тасобаға аялдайтын болса керек. XVII ғасырда осман саяхатшысы Эвлия Челеби Жайық өзенін бойлап жүзгенде, өзен жағалауы бойында жүздеген қалалар болғанын жазады, олардың кейбірінің атауын да келтірген.



Индер ауданы аумағында орналасқан Тасоба мекені ескерткіші

9. «Сарайшық» музей-қорығының археологтары қазан айында Махамбет ауданы, Ақжайық ауылдық округы аумағында орналасқан «Қызылүй» мектебі орнына барлау жұмысын жүргізді. «Есболдың Қызылүйі» атауымен танымал болған мектеп Атырау облысындағы ең көне оқу орындарының бірі, әрі бірегейі. Мектепті салуға еңбек сіңіргендер, онда қызмет атқарған тұлғалар және білім нәрімен сусындаған шәкірттері ішінде қазақтың айтулы тұлғалары жетерлік. Олардың ел үшін жасаған абыройлы істері өткен күннің парақтарында сайрап жатыр. 1881 жылы екі класты орыс-қазақ мектебі ретінде салынып, заманында Алаш қозғалысының қайраткері Ғұбайдолла Бердиев секілді айтулы азаматтар тәлім алған мектеп халықты сауаттандыруға мол үлес қосқандығымен мәлім.Археологтардың барлау жұмысы барысында анықтағаны

бұрынғы уақытта Атырау-Индер тас жолын салу кезінде ескерткіштің бір шеті бүлінушілікке ұшыраған екен. Тас жол ескерткіштің үстімен, бір жақ шетін кесіп өткен. Оның үстіне, дәл қазіргі кезде «Қазақтелеком» мекемесі ескерткіштің екінші шетімен кабель желісін жүргізіп тағы да бүлдірген. Мектеп құландысы үстінде кейіннен салынған саман кірпішті құрылыс орны да байқалады.



Махамбет ауданы, Ақжайық ауылдық округы аумағында орналасқан «Қызылүй» мектебі орны

Ұйымдастырылған экспедициялар	**2018**	**2019**	**2020**
халықаралық	-	1	-
республикалық	-	-	-
облыстық	-	4	6

3 Мәдени білім беру, дәрістер

Әлемді жайлаған пандемия пандемияға байланысты музей-қорық жұмысын онлайн форматта жалғастырды. Мәдени білім беру бағытында 6 жобаны жүзеге асырды. Олар:

3.1 Онлайн дәріс

- 06.05.2020 жыл – Ә.Мұқтар – «Ортағасырлық Сарайшық тарихы және «Сарайшық» музей-қорығының перспективалары»



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/668860380354396/

3.2 Сарайшық дәрістері


Музей-қорық қызметкерлері «Сарайшық дәрістері» жобасы аясында әлеуметтік желі қолданушылары мен Сарайшық тыңдармандарына Сарайшыққа қатысты бейнедәріс оқыды.

- 04.04.2020 жыл – Ә.Мұқтар “Әлем тарихындағы Сарайшық” (1-бөлім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1333412577047029/

- 05.04.2020 жыл – А.Тұраруұлы "Ортағасырлық Сарайшықтағы археологиялық қазбалар тарихы" (2-бөлім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/876154569566402/

- 06.04.2020 жыл – А.Жұмабаев "Ортағасырлық Сарайшық карталары (1741ж., 1861ж.)" (3-бөлім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/305823340390112/

- 07.04.2020 жыл – Н.Нұғманова «Лев Галкин - один из исследователей городища Сарайшык» (4-бөлім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1999245366885563/

- 09.04.2020 жыл – М.Әбдіғалиев "Ортағасырлық Сарайшық тиындары, оларды тазалау жұмыстары мәселелері" (5-бөлім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1151464971868905/

- 13.04.2020 жыл – Ж.Байғалиев "Өлкетанушы В.К.Афанасьевтің Ортағасырлық Сарайшықтағы зерттеулері" (6-бөлім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/880980315662997/

- 17.04.2020 жыл – О.Сағынбаева "Сарайшық музей қорының қалыптасуы және жәдігерлері" (7-бөлім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/233207614701562/

- 24.04.2020 жыл – Ж.Диярова “Сарайшық аңыздары” (8-бөлім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/272246963935705/

- 28.04.2020 жыл – Н. Нұғманова "Жизненный путь краеведа Афанасьева В.К." (9-бөлім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/236117357665525/

- 08.05.2020 жыл – Ж. Байғалиев "Археолог Лев Галкиннің Сарайшықтағы зерттеулері" (10-бөлім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/241852406899863/

- 13.05.2020 жыл – А.Жұмабаев «С.П.Толстов экспедициясы және Сарайшық» (11-бөлім)



Барлығы қаралым саны: 14387

3.3 «Ортағасырлық Сарайшық ғалымдар көзімен» жобасы

Республика бойынша тарихшы-ғалымдардың ортағасырлық Сарайшыққа қатысты ғылыми дәрістерін оқыды.

- 14.04.2020 – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры т.ғ.д., А.Ахмет «Мұстажап Намазғалиев және Сарайшық» (1-түсірілім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/154730672591509/

- 20.04.2020 жыл – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Ж.Мұстафин «Ортағасырлық Сарайшықтың зерттелуі» (2-түсірілім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/153968109387125/

- 23.04.2020 жыл – Астрахандық археолог В.К. Плахов «Сарайшық қаласының тарихы қазба деректер негізінде» (3-түсірілім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/227046371693934/

- 04.05.2020 жыл – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, т.ғ.д. Ғ.Халидуллин «Сарайшық тарихы – ел тарихы» (4-түсірілім)




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/279245556450395/

- 04.05.2020 жыл – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к. А.Исин Сарайшық туралы дәріс



https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=2645526245570344&id=100003389839096&sfnsn=mo

- 06.05.2020 жыл – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к., Ж.Жұмабаева «Ортағасырлық Сарайшық және әлемдік өркениет» (5-түсірілім)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/269185810921616/

- 19.05.2020 жыл – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті т.ғ.к., С.Исмаилов (6-түсірілім) "Значение города Сарайшык в истории средневекового Казахстана и Евразии"



https://fb.watch/2Yu0gqllcs/

- 25.05.2020 жыл – – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, ф.ғ.д., Сабыр Мұрат- «Ноғайлы дәуірі әдебиеті тарихынан» (7-түсірілім)



https://fb.watch/2Yu82KXtt9/

- 15.06.2020 жыл- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті профессоры, т.ғ.д., Асанов Жубаназар -“Алтын Орда және Едіге батыр” 8-түсірілім



https://fb.watch/2Yuh98TWDT/

Барлық қаралым саны: 4345

3.4 Бейне-сабақтар

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыру мақсатында 8 сынып оқушыларына «Қазақ хандығының қалалары -Сарайшық» тақырыбында бейне-сабақ өткізді. https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3812852008727709/



- 06.10.2020 жыл - "Сарайшық" музей-қорығы мен "ATpress" жаңалықтар порталының бірлескен жобасы негізінде ортағасырлық Сарайшық қаласының тұлғалары тақырыбында «Қасым хан» жөнінде ғылыми қызметкер Ж.Байғалиев баяндады.



https://fb.watch/2YZYNjW0OH/

- 2020 жылдың 26 қарашасы күні “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері, магистр, Қалмақ мемлекеттік университеті аспиранты А. Жумабаев М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің

тарих мамандығының 2 курс студенттеріне «Алтын Орда астаналары» атты ашық сабаққа қатысып, дәріс оқыды.
https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3820507384628838/



- 14.12.2020 жыл - "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымына, магистранттар мен студенттерге еліміздің тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік жылдарындағы тарих ғылымының дамуы" тақырыбы бойынша дәріс оқыды.
https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3866879599991616/



3.5 Үйірме жұмыстары

Президент Қ.Ж.Тоқаевтың «Балалар үйірмесін» қайта қалпына келтіру жөніндегі тапсырмасына сәйкес «Сарайшық» музей-қорығы балаларға арнап «Жас музейтанушы» және «Жас археолог» 2 үйірмесін ашты.

- «Жас археолог» үйірмесі бойынша Үйірмеге қатысушыларды көне қала орнындағы қазбалармен таныстырып, Сарайшық қаласының археологиясы жайлы мәліметтер берді.
  https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3721325441213700/



- «Жас музейтанушы» үйірмесі Атырау қаласының мектеп және колледж оқушыларын Сарайшық музейімен таныстырып, музей мәдениеті, қордың жасақталуы, бір жәдігер тарихымен таныстырды. Музей қорының жасақталуына негіз болған Сарайшық қаласының орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына тоқталып, қазба барысында табылған жәдігерлерді қабылдап алу, құжат жасақтау, өңдеу жұмыстары туралы түсінік берілді. Жәдігерді өткен кезеңнен ақпарат жеткізуші құрал ретінде қарастырып, оны көрерменге толық тарихымен баяндап берудің ізденіске толы, қызықты жұмыс екендігі баяндалды. Үйірмеге қатынасушылардың сұрақтарына мамандар жауап беріп, қызықты сұхбат болды.



3.6 Ғалымдар, өлкетанушылармен сұхбат

- 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Осы датаға орай "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қызметкерлері Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарихшы-ғалымы, батыс өлкедегі әділетсіз қуғындауға ұшырағандар жөнінде бірнеше зерттеу еңбектер жазған п.ғ.к., Шахман Нағымұлымен сұхбат жүргізді.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3505438816135698/

- Ғылыми қызметкерлер М.Әбдіғалиев, Н.Нұғманова, А.Жұмабаев және Ж.Байғалиев өлке тарихын зерттеуге үлкен үлес қосып жүрген Вячеслав Константинович Афанасьевпен сұхбаттасты. Өлкетанушы өзінің жеке қорындағы ерекше жәдігерлер туралы әңгімелеп, әрқайсымен таныстырды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3505438816135698/

- Өлкетанушы-журналист Өтепберген Әлімгереевпен кіші ғылыми қызметкер Н.Нұғманова сұхбат жасады. Атырау өңіріндегі белгілі өлкетанушының тарихты зерттеудегі үлесі, ролі, туған өлкені зерттеудегі ізденістер туралы ойларымен бөлісті.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3523212897691623/

- Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, өлкетанушы Әбілхан Сейтімұлы Төлеуішов бөлім қызметкерлеріне сұхбат берді. Сұхбатта Атырау өлкесінің тарихы және ортағасырлық Сарайшық қаласының кешегісі, бүгіні мен болашағы туралы сөз қозғалды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3655383714474540/

- Сарайшыққа қатысты бірнеше еңбектердің авторы, музей ардагері Жанұзақ Ғизатовпен Сарайшық музей-қорығының қалыптасуы жөнінде сұхбаттасты.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3874741362538773/

- 16 желтоқсан -Тәуелсіздік күніне орай "Желтоқсан қаһармандары" тақырыбында 1986 жылы Алматы қаласындағы Желтоқсан оқиғасына қатысушы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к. Гүлфайруз Қайырғалиқызымен сұхбаттасты.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3872045632808346/


Барлық қаралым саны: 3477

4 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау бөлімі

4.1 Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын анықтау бойынша жүргізілген жұмыстар

- 2020 жылғы маусым айында Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 127 бабының 2 тармағына, «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңының 28 бабына сәйкес Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетовтың қаулысымен Сарайшық қалашығының қорғау аймағы, құрылыс салуды реттеу аймағы мен қорғалатын табиғат ландшафты аймағының шекаралары бекіту жобасы ұсынылды. Қалашықтың жалпы қорғалу аймағы 139 гектарды құрайды. Оның ішінде:

- қалашықтың алып жатқан аумағы 51,2 гектар;
- қорғау аймағының ауданы - 29,5 гектар;
- құрылыс салуды реттеу аймағының ауданы - 19,8 гектар;
- қорғалатын табиғат ландшафты аймағының ауданы - 38,5 гектар.



- Ортағасырлық Сарайшықта көне зират орнында ЖШС “Сала”-ның директоры Нұржан Аханов, топографтар Руслан Каримов, Ерсұлтан Набидолла топографиялық түсірілім жасады. Осы топографиялық түсірілім арқылы болашақта археологиялық нысандардың орнын анықтауға болады.



4.2 Археологиялық жұмыстар

- 2020 жылдың маусым-қазан айлары аралығында ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихи-мәдени ескерткішінде зираттың көне бөлігіндегі «Хан моласы» қазба орнына зерттеу жұмысын жүргізді. Қазба орны таңдалып алуына бірнеше түпдеректер себеп болды. Олардың қатарында 1861 жылғы әскери топограф А. Алексеевтің жасаған Сарайшықтың сызба картасы және атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауовтың естелігі бар.

  Осы аталған А.Алексеевтің сызбасында белгіленген «Аулие-склеп» орны мен зираттың көне бөлігінде жерленген, Шоқан Қаржауовтың әкесі Мырзағали Қаржауовтың бейіті тұспа-тұс келіп тұр.

  Қазба-зерттеу жұмыстары нәтижесінде 1 м тереңдікте қыш кірпіштен салынған ғимарат (кесене болуы мүмкін) қалдығы анықталды. Ғимарат кірпіштері түгелге жуық бұзылып алынған. Тек аздаған кірпіш бөліктері сақталып қалыпты. Ғимараттың ішкі жағындағы шұңқырды тазалау барысында жер бетінен 2 м тереңдікте ізбес (ганч) ерітіндімен қаланып қыш кірпіштен салынған күмбезді құрылыс табылды. Оның күмбезін опырып бұзып, бүтін кірпіштерін жинап алғаны байқалады. Бұл беделді адам жерленген көрхана деп есептейміз. Өйткені Сарайшықта толықтай ізбес ерітіндісімен қаланған жерлеу нысаны бұған дейін кездеспеді. Болжам бойынша бұл көрханада қазақтың біртуар ұлы, Қазақ хандығының билеушісі, «Қасқа жол» заңдар жинағының авторы атақты Қасым хан Жәнібекұлы жерленген болуы мүмкін. Әзірге кесенені толық топырақтан ашу, көрханадағы сүйектерді шығару мүмкін болмай отыр. Сол бағытта бірқатар шараларды жүзеге асыруға министрлікке, Атырау облысы әкімдігіне хаттар жолданды.




4.3 Ортағасырлық Сарайшықтағы «Хан моласы»

Осы зерттеулер барысында археологтар цитадель аумағының көрінісін XX ғасырдың орта кезінен бері көзбен көріп, көңілінің бір бұрышына естелік қып сақтаған Ескі Сарайшық ауылының шежірелі ақсақалдарымен де кездесіп, өлке тарихынан сыр суырып әңгімелесуді жолға қойған. Ауылдың байырғы тұрғыны, еңбек ардагері Габиржан Әміров ақсақал есте сақтау қабілеті мықты, жады жақсы, көптеген тың деректерді біледі. Зерттеуші топ мүшелері өздерін қызықтырған сауалдар қойып, Габиржан ақсақалдан мол мәліметтер алды.



- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы археологтары ортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделі аумағына маусым айынан бастап археологиялық зерттеу-барлау жұмыстарын жүргізіп келетіні жоғарыда айтылды. Қоғам қайраткері, өлке тарихын зерттеуші Атырау облысының Құрметті азаматы Шоқан Мырзағалиұлы Қаржауовтың жиені, Сарайшық ауылының тұрғыны Серік Қойшығұлов археологтардың зерттеу аумағында болып, кезінде ортағасырлық қала тарихына қатысты нағашы атасынан естіген әңгімелерімен бөлісті. Археологтар жұмысына көмегі тиер барлық деректер сараланып, зерттеу жұмыстарының аясы кеңейіп келеді. 17 қыркүйек күні қазба аумағына атыраулық ұстаз, Сарайшықта жерленген Мырзағали Қаржауовтың немересі Серік Мырзағалиев келіп, жұмыс барысымен танысты.



- 17 қазанда Атырау облысының әкімі Махамбет Жолдасқалиұлы Досмұхамбетов жұмыс сапарымен «Сарайшық» музей-қорығына арнайы келіп, көне қала орнында қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатырған тұрғын үй-жайларды және "Хан моласы" қазба орнында болды. Ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихи ескерткішінің өзекті мәселелерімен облыс әкімін музей-қорық директоры Ә. Мұқтар таныстырды. Алда атқарылатын жұмыстар уәкілетті органдар басшыларымен талқыланып пысықталды.




4.4 Реставрациялау жұмыстары

- 2020 жылдың 5-7 ақпан аралығында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің базасында «Археологиялық нумизматикалық материалдарды реставрациялау және консервациялау» тақырыбында оқу-тәжірибелік тағылымдамадан өткен «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының

археологы М.Әбдіғалиев бүгін алған жаңа білімдерін практикада қолданып, «Сарайшық» музей-қорығындағы тиындарға алғашқы тазалау жұмыстарын жасады.



- 18.04.2020 жыл – мекеме археологы М.Әбдіғалиев ортағасырлық тиындарды тазалап, іс-тәжірибе алмасудан алған теориялық білімін практикалық жүзінде іске асырып, көпшілік назарына ұсынды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/219415376027695

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы ортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделінің солтүстік қақпасын қайта қалпына келтіру жұмыстарын қолға алды. Нысанды қалыпқа келтіру жұмыстарымен “Қазқайтажаңарту” РМК-ның өтінімі бойынша “Қазархеология” ЖШС-і айналысады. 2020 жылы 30 маусымда “Қазархеология” ЖШС директоры, т.ғ.к., археолог Жұман Егінбайұлы Смаилов арнайы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында болашақ жүргізілетін жұмыстар ауқымымен танысып, "Сарайшық" музей-қорығы археологтарымен кеңесті.



- Ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткіші орнында 2020 жылғы тамыз-қараша айлары аралығында "Қазархеология" ЖШС археологиялық нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Осы жұмыстар нәтижесінде 14 тұрғын үй-жай бөлмелері мен 1 кесенеге қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді.



- 2020 жылдың 24 қарашасында Ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткіші орнында 2020 жылғы тамыз-қараша айлары аралығында "Қазархеология" ЖШС археологиялық нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді, осы нысандарды Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен құрылған қабылдау комиссиясы тексерістен өткізді. Комиссия құрамында министрліктің бас сарапшысы Д.Сүйіндіков, "Адалдық алаңы" жобалық кеңсесінің жетекшісі М.Қамзолдаев, "Қазқайтажаңарту" мекемесінің өкілі М.Аралбаева және т.б. мамандар мен уәкілетті орган өкілдері болды. Жалпы жұмыс нәтижесіне оң баға берілді.



5 Ұйымдастырылған конференция, дөңгелек үстелдер және оларға қатысу

5.1 Музей-қорық ұйымдастырған конференциялар, дөңгелек үстелдер

«Сарайшық» музей-қорығы есепті жылы **1** республикалық конференция, **7** дөңгелек үстел және **1** ғылыми әдістемелік кеңес ұйымдастырды.

- 2020 жылғы 21 ақпанда Сарайшық ауылында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК-нің археологиялық нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша ғылыми-әдістемелік кеңесі өтті.

  Кеңес тақырыбы: Ортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделіндегі археологиялық нысанды қайта қалпына келтіру жұмыстары және мамандардың алдын-ала келісуі бойынша жалпы жұмыс жоспарын талқылау. Талқылауға З.Самашев, В.Плахов, М.Қасенов, т.б. археологтар қатысты.

  Кеңес қаулысымен ортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделінің бекініс жүйесін: бекініс мұнарасын, орды, қақпа дарбазасы мен бекініс қабырғасын реконструкциялау жобасын «Қазқайтажаңарту» РММ мамандарына ұсынып, қайта қалпына келтіруге бірауыздан шешім қабылданды.





- 28 ақпанда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві Нұр-Сұлтан қаласында Алтын Орданың 750, Қасым ханның туғанына 575 жыл, Қазақ хандығының 555 жылдығына орай «Сарайшық – Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстел өткізді.

  Іс-шараның мақсаты- Жошы Ұлысының рухани астанасы, Ноғай Ордасы және Қазақ Хандығының астанасы болған, Азия мен Еуропаны байланыстыратын алтын көпір қызметін атқарып, Ұлы Жібек жолы бойында тоғыз жолдың торабына айналған, әлемге озық технологияларымен танымал болған Сарайшық қаласының әлемдік тарихтағы орнын айқындау, ол арқылы ортағасырлық Сарайшық қаласын қалпына келтіру және туристік аймаққа айналдыру. Дөңгелек үстелге ҚР Мәжіліс депутаттары, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, отандық тарихшы-ғалымдар, сонымен қатар АҚШ, Ресей елдерінен ғалым-зерттеушілер қатысты. ҚР Парламент Мәжілісі депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Бейбіт Мамраев, ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Елдос Рамазанов, министрліктің Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры Күміс Сейтова, мемлекет және қоғам қайраткері Ирак Елекеев, белгілі ғалымдар Хангелді Әбжанов, Зайнола Самашев, Айболат Көшкінбаев, Бүркітбай Аяған қатысып Сарайшыққа байланысты өз ойларын білдірген болса, Әбілсейіт Мұқтар, Нұрлан Атығаев, Юлай Шамилоғлы, Вячеслав Плахов, Зибагул Ильясова және Мұхамбетқали Кипиевтер Сарайшық жөнінде баяндамалар жасады.





- 2020 жылы 5 наурызда Махамбет аудандық кітапханасында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы мен Махамбет ауданы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы бірігіп Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Ұлы Дала ханымдары және ұрпақтар сабақтастығы» атты дөңгелек үстел өткізді. Шараға аудан мекемелері мен ұйымдарының ардагерлері мен басшылары, қызметкерлері қатынасты. Шараның мақсаты - тарихта аттарын қалдырып, халық жадында сақталған дала ханымдарын насихаттау, таныстыру, үлгі ету. Тарихи тұлғалардың өмірін, істерін, алған орнын

таныстыру үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғалым-ұстаздары шақырылды. «Қазақ тарихындағы Бопай ана» тақырыбын тарих ғылымдарының докторы, профессор Ұ.Ахметова, «Фатима тоташ» баяндамасын Атырау университеті ректор аппараты жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.Қайырғалиева, «Арынғазы ханның бәйбішесі Жақсы ханым» тақырыбымен университет оқытушысы т.ғ.к. Н.Сармурзина, «Сүйімбике атым, тегім ноғай...» тақырыбымен музей қызметкері О.Сағынбаева таныстырды. Өз пікірлерімен бөлісіп, ұлы тұлғаларды үлгі ету мақсатында кино, анимациялық фильмдер түсіру, өскелең ұрпаққа түсінікті форматта жеткізу туралы ұсыныс айтылды.




- 2020 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» II республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция онлайн форматта «Zoom» қолданбасы арқылы өтті. Конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, т.б. қалалардан қызығушылық танытқан әлеуметтік желі қолданушылары қатысты.
  ҰҒА корреспондент-мүшесі Берекет Кәрібаев (Алматы), т.ғ.д. Әлібек Сейдехан (Шымкент), т.ғ.к. Серікжан Исмаилов (Қостанай), т.ғ.к. Асылбек Мәден (Ақтөбе), археология магистрі Айдын Жүнісханов (Нұр-Сұлтан), үздік өлкетанушы Нұржан Төлепов (Орал), мектеп мұғалімі Әлия Бекқалиева (Құрманғазы), музей маманы Орын Сағынбаева (Сарайшық) баяндамалар оқып, талқыланды.




- 2020 жылғы 22 мамырда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, сақтау мәселелерін талқылау мақсатымен «Ұлы Дала мұралары: тарихы және бүгінгі мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Іс-шара онлайн форматта, «Zoom» қолданбасы арқылы ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге еліміздегі ескерткіштанушы мамандар, тарихшылар, археологтар, өлке тарихын зерттеуге қызығушылық танытқан ғаламтор желісін қолданушылар қатыса алды. Дөңгелек үстел ашылуында «Сарайшық» музей-қорығының директоры т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар алғысөз сөйледі. Дөңгелек үстелдің модераторы - директор орынбасары Айбек Тұраруұлы қатысушыларға сөз берді.
  Нұр-Сұлтан қаласы ҚР Ұлттық музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Phd докторы Айбар Ерланұлы Қасеналин, «Сарайшық» музей-қорығының археологы Мир Қобланұлы Әбдіғалиев, Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының сәулет және археология бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Абызұлы Құлбаев, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері, археолог Аслан Мәлікұлы Мамедов, Түркістан қаласындағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қор сақтаушысы Толқын Маханбетұлы Жолдасов, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының археологиялық ескерткіштерді қорғау секторы меңгерушісі Фархад Жолдасұлы Байдаулетов, Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі археология ғылыми-зерттеу секторының маманы Баубек Сұлтанбекұлы Жұмабаев, Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының қала құрылысы және сәулет ескерткіштерін қорғау секторының маманы Рысгүл Асхатқызы Қатарова сөз сөйледі.
  Дөңгелек үстелде қатысушылар тарапынан түскен сұрақтарға жауаптар беріліп, ұсыныстар айтылды.



- 2020 жылғы 28 шілдеде «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен «Қазақстан музейлеріндегі цифрландыру тәжірибесі және мәселелері» тақырыбында «Zoom» платформасы арқылы онлайн-дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге ғалымдар, музей-қорық қызметкерлері, IT саласының мамандары қатысты. Дөңгелек үстелді Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өкілі Азамат Нұржауұлы Жолаев ашты. Азамат Нұржауұлы өз сөзінде цифрландыру жұмысының мақсаты мен маңызына тоқталып өтті. Дөңгелек үстел модераторы «Сарайшық» музей-қорығы директорының орынбасары Айбек Тұраруұлы шараны жүргізіп отырды. Дөңгелек үстелде Алматы қаласындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес «Алаш қайраткерлері мұраларын цифрландыру мәселесі», ҚР Мемлекеттік Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайы директорының орынбасары Нұржан Сатыбалды «Создание цифрового каталога 3D моделей и автоматизированной системы учета музейных предметов», ҚР Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг және сараптама жүргізу бөлімінің жетекшісі Қалибек Асылбеков «Геоақпараттық жүйелер 3D-фотограмметрияны мәдени мұра нысандарын зерттеу мен сақтауда қолдану», «TORUS.KZ» ЖШС бас директоры Даурен Габдуллаев «Сабақтастырылған кешендік IT-технологиялар негізінде «Виртуалды музей» прототиптік үлгісін жобалау», Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің музей қорын есепке алу секторының әдіскері Меңсұлу Наурызбаева «Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің жәдігерлерін цифрландыру бағытындағы жұмыстары», «Сарайшық» музей-қорығы директорының орынбасары Айбек Тұраруұлы «Сарайшық» музейіндегі цифрландыру бойынша жұмыстар» тақырыбында баяндамалар жасады. Дөңгелек үстел тақырып бойынша ұсыныстар, пікір алмасулар, өзара диалог негізінде өтті.




- 2020 жылғы 27 тамызда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай «Қазақстан Республикасының Конституциясы және тарихи-мәдени мұраларды қорғау» атты дөңгелек үстел онлайн форматта өтті. Дөңгелек үстелге Алматы, Тараз, Орал қалаларындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау мекемелерінің өкілдері қатысып, баяндама жасады. Алғы сөз ретінде дөңгелек үстел модераторы, "Сарайшық" музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтар жиынды ашты. Махамбет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысы Н. Аруев Махамбет ауданындағы тарихи ескерткіштердің жай-күйі жөнінде баяндаса, т.ғ.к., «Қазархеология» ЖШС директоры (Алматы қаласы), археолог Ж. Смаилов Сарайшықтағы реставрация және консервация жұмыстары жөнінде ақпарат берді. БҚО тарихи-мәдени мұраларын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының инспекторы Г. Туленгутова, Жамбыл облысы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясының заңгері Б. Сыдығалиева, "Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы» КММ-нің тарихи-мәдени мұраны қорғау бөлімі меңгерушісі, магистр М.Макжанова Атырау облысы көлемінде тарихи-мәдени мұраны қорғау бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. "Сарайшық" музей-қорығының инспекторы Ж.Байғалиев заң аясында Сарайшықтағы атқарылып жатырған жұмыстар жөнінде ақпараттар берді. Дөңгелек үстел барысында бірқатар ұсыныстар айтылды.



https://saraishyq.kz/en/janalyktar/153-sarajshy-muzej-ory-ynda-d-gelek-stel-jymdastyryldy

- 2020 жылы 18 қарашада "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жәдігерлермен таныстырушысы Назерке Қартанбаева Сарайшық селолық кітапхана ұжымын музейдің кітап қорындағы "Даналық әліппесі" және "Абайтану әліппесімен" таныстырды. Инновациялық жаңашылдық негізінде құрастырылған бұл мультимедиялық кітаптар оқырман қызығушылығын тудырып, өскелең ұрпақты ұлттық құндылығымызбен қауыштырады. Жиын соңында кітапхана меңгерушісі Маржан Симанова «Даналық әліппесіне» қатысты оң пікір білдірді.





-


https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3796176027061974/3796175530395357/

- 2020 жылы 23 қарашада ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Adaldyq alańy» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қамзолдаев Марат Болысбекұлының қатысуымен дөңгелек үстел өтті. «Adaldyq alańy» жобалық кеңсесінің жетекшісі М.Қамзолдаев «ҚР Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың 2020 жылғы 19 тамызда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сөйлеген сөзінің негізгі ережелері және оларды жүзеге асыру жөніндегі шаралар» туралы айтқан сөзі бойынша бүкіл ел көлемінде «Adaldyq alańy» бірыңғай брендімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалық кеңселер құрылғаны жөнінде айтып, жоба аясында тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюға, тұрғындар үшін қолайлы жағдай жасауға, мемлекеттік

аппараттың ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шаралардың жүзеге атқарылып жатырғандығын айтты».

Жиын тиімді қарым-қатынас орнатып, пікір алмасу форматында өтті. Кездесуге қатысушылар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастырудың бағыттарын айтып, ашық диалог жүргізіп, нәтижелі пікір алмасты.






5.2 Музей-қорық қызметкерлерінің конференция, дөңгелек үстелдерге қатысуы

«Сарайшық» музей-қорығының қызметкерлері Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе қалаларында онлайн форматта өткен **3** халықаралық, **5** республикалық**, 1** облыстық конференция, **1** дөңгелек үстел, **3** кеңес, **1** конгресске қатысты және **3** онлайн сұхбат берді.


- 2020 жылғы 29 сәуірде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Х.Б.Табылдиев атындағы Атырау өлкесінің тарихи, археологиясы және этнографиясы» ғылыми зерттеу орталығы, Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференция жұмысына музей-қорықтың 6 қызметкері белсене қатысып, конференция жинағына баяндамалары жарияланды.



- 2020 жылғы 13 мамырда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкерлері Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті ұйымдастырған «Жошы Ұлысы және оның Орта Азия мемлекеттер тарихындағы рөлі» атты дөңгелек үстелге қатысты. Спикерлер Жошы Ұлысы тарихы мәселелерін талқыға салды. Музей-қорық директоры Ә.Мұқтар «Алтын Орда қалалары: олардың әлемдік дамуындағы орны» тақырыбында сөз сөйлеп, өзекті мәселелермен ой бөлісті.



- 2020 жылғы 28 мамырда Алматы қаласы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бірлесе ұйымдастырған Алтын Орданың 750 жылдығына байланысты «Ұлы Даланың тарихи-мәдени кеңістігіндегі Жошы Ұлысының (Алтын Орданың) маңыздылығы мен рөлі» тақырыбында халықаралық ғылыми-теориялық онлайн-конференциясы өтті. Конференцияға Ұлттық Ғылым Академиясының ғалымдары, қоғам қайраткерлері мен шетелдік әріптестер қатысты. Конференцияда «Сарайшық» музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар «Қазақ хандары саясатындағы ортағасырлық Сарайшық» тақырыбында баяндама жасады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

АЛТЫН ОРДА – 750

Алтын Орданың 750 жылдығына арналған
«Ұлы даланың тарихи-мәдени кеңістігіндегі Жошы Ұлысының
(Алтын Орданың) маңыздылығы мен рөлі» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-теориялық онлайн-конференциясының
БАҒДАРЛАМАСЫ

28 мамыр 2020 ж.

Алматы 11.00 — Онлайн-конференция Zoom.us платформасында өтеді
ID: 837 4771 1800 PASSWORD: 471993



АЛТЫН ОРДА – 750

12.50-13.00
Сдыков Мұрат Наурызғалиұлы – тарих ғылымдарының докторы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры (Орал, Қазақстан):
«Алтын Орда дәуірінің ежелгі Жайық қонысы (XIII – XV ғғ.)»

13.00-13.10
Мұхтаров Әбілсейіт Қапызұлы – тарих ғылымдарының докторы, Сарайшық тарих және мәдениет музейінің директоры (Атырау, Қазақстан):
«Қазақтың саясатындағы Сарайшық (XIV – XVI ғғ.)»

13.10-13.20
Аксанов Анвар Васильевич – тарих ғылымдарының кандидаты, Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Ш. Марджани атындағы Тарих институты жанындағы Алтын Орда және татар хандары зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері (Қазан, Татарстан Республикасы, Ресей):
«Өтеміс қажы мен Абдулгаффар шығармаларындағы Алтын Орда ханы Ұлық-Мұхаммед және оның ұрпақтары»

13.20-13.30
Кушкумбаев Айболат Кайрсламұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
«Алтын Орда армиясының этникалық құрамы»

- 2020 жылғы 17 маусымда Алтын Орданың 750 жылдығын атап өтуге арналған Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті өткізген «Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция онлайн форматта жүргізілді.
  Конференцияға елімізден және шетелдерден тарихшы ғалымдар, музей қызметкерлері мен жоғарғы оқу орындарының магистранттары қатысты. Конференцияда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбілсейіт Мұқтар баяндама жасады. Шарада Түркиядан Анкара университетінің профессорлары Абдулла Гюндоғды, Серхан Чинар, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Сабыр Мұрат өз баяндамаларында Алтын Ордаға қатысты тың ақпараттармен бөлісті. Конференция жұмысына музей-қорық қызметкерлері өз баяндамаларын ұсынды.



- 2020 жыл 25 маусымда Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтармен онлайн сұхбат берді.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3360150737331174/

- 2020 жылы 25 шілдеде «6 шілде - Елорда күніне орай», «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен «Ұлы Дала астаналарының тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияға отандық тарихшы ғалымдар мен археологтар, музей қызметкерлері мен туризм саласының мамандары қатысты. Конференцияда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас инспекторы Жұмабаев Амангелді «Сарайшық - Ұлық Ұлыс, Ноғай ордасы, Қазақ хандығының астанасы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада Сарайшықтың тарихи ролі, дереккөздер және Қасым ханның алтын тағы туралы айтылды. Сарайшықтың әлемдік мәдениеттер тоғысқан орталық ретіндегі айғақтар келтірілді. Қатысушылар тарапынан баяндама жылы қабылданды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3446137628732484/

- 28 тамыз күні “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д. Ә. Мұқтар, бас инспекторы А.Жұмабаев пен археолог М.Әбдіғалиев Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы және Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесе ұйымдастырған «Алтын Орда - 750 жыл: тарих, әдіснама және қазіргі заманғы мәні» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға қатысып, баяндама жасады.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3548571655155747/

- 18 қыркүйекте Атырау уақытымен 14:00 сағатта museum_saraishyk Instagram парақшасынан "Сарайшық" музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтардың “Сарайшық-байтақ Астанам” тақырыбындағы онлайн-сұхбаты өтті.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3611575205522058/

- 2020 жылдың 9 қазанда Сарайшық музей-қорығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің «Біздің музей» атты арнайы жобасында сұхбат берді.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3677234038956174/


- 2020 жылы 12 қарашада Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің “Музей ісі жөніндегі Көркемдік кеңесінің” отырысы өтті.
https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3780193851993525/

- 20.11.2020 жыл - 20 қарашада «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Алтын адамның ашылуына – 50 жыл, қорық-музейдің құрылғанына – 10 жыл, археолог Бекен Нұрмұханбетовтың туғанына – 85 жыл толуына орай «I Есік оқулары» аясында «Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция музей-қорықтың директор орынбасары А.Тұраруұлы «Ортағасырлық Сарайшықта жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары» тақырыбында баяндама оқыды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3801902373156006/

- 2020 24 қарашада "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының жәдігерлермен таныстырушысы Сәуле Бекешова «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейі ұйымдастырған «Музей – рухани білім беру алаңы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясына қатысты.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3813031458709764/

- 2020 жылғы 3 желтоқсанда "Сарайшық" музей-қорығының директоры Ә.Мұқтар, директор орынбасары А.Тұраруұлы, бас есепші А.Қайреденова, мемлекеттік сатып алу маманы М.Лекерова Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарымен мәдениет және өнер саласында “Мәдениет және спорт министрлігі - Адалдық алаңы” жобалық кеңсесін ұйымдастыру мәселелері бойынша” бірлескен кеңесіне қатысты.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3838655932813983/

- 2020 жылы 9 желтоқсан күні Атырау облысы әкімдігі ғимаратында Атырау облысы әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы Б.Хаменованың қатысуымен Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия мәжілісі өтті. Комиссия мәжілісіне «Сарайшық» музей-қорығы директоры Ә.Мұқтар қатысып, Қасым ханға ескерткішті Сарайшықта салу жөнінде ұсыныс көтерді.



- 2020 жыл 11 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде VIII ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІНДЕ музей-қорық директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар қатысып, Ортағасырлық Сарайшық мәселесін көтерді.




https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3859343947411848/

- 25.12.2020 жыл - «Сарайшық” музей-қорығының директоры, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар “Берел” мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен археологиялық зерттеулер қорытындылары негізінде “Қорық-музейлерінің Қазақстандағы археологиялық зерттеулерге қосқан үлесі” тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияға қатысты.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3894612137218362/

- 25.12.2020 жыл - 2020 жылғы 23 желтоқсанда Батыс Қазақстан облыстық білім беру басқармасы "Білім беруді дамыту" орталығының ұйымдастыруымен Алтын Орданың 750 жылдығына арналған "Алтын Орда – Қазақ хандығының бабасы" атты облыстық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияға музей-қорықтың бас инспекторы А.Жұмабаев баяндама жасады.



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3895006787178897/

6 Ғылыми қор және музей қызмет көрсету жұмыстары


Бүгінгі таңда музей ғылыми қорында **4568** жәдігер бар, оның **1998** негізгі қорда, **2570** қосымша қорда тіркелген.

2019 жылдың соңында Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі тапсырған 280 жәдігер түгел есепке алынып, қордың түсім кітабына тіркелді. Жалпы қор түгендеу жұмыстары, оның толтырылуға тиіс құжаттары мезгілімен жүргізіліп келеді. Негізгі қор және қосымша қор бойынша жәдігерлердің электрондық нұсқасы дайын.

Қор бөліміндегі жәдігерлерді қалпына келтіру жұмыстарынан археолог М.Әбдіғалиев тиындарға тазалау жұмыстарын жүргізді. Тазаланып қорға тапсырылған тиындар саны 21 дана.

Көшпелі көрме жұмысына қажетті тасымалдау қораптары музей қорындағы жәдігерлердің өлшемдеріне сай дайындалды.

2020 жылы жоспарда берілген жәдігерлерді қайта қалпына келтіру, құнды металдан жасалған жәдігерлерді сынамадан өткізу сияқты жұмыстар қаражат болмауына байланысты жүзеге асырылған жоқ.




6.1 Музей-қорық ұйымдастырған «Музейге сый» акциясы

Қорды жүйелі түрде толықтыру жұмыстары аясында, «Музейге – сый» акциясы аясында 2019 жылы 48 жәдігер қабылданса, 2020 жылы әлеуметтік желілердегі насихаттық жұмыстар мен археологиялық барлау жұмыстары және Исатай ауданына ұйымдастырған экспедиция барысында «Музейге – сый» акциясы аясында 410 дана жәдігер қабылданды.

- 14 ақпанда Сарайшық ауылы тұрғыны Жаманбалиева Макон келі, қайыс тапсырды.
- 5 наурызда Сарайшық ауылының тұрғыны Құспанғалиев Ермек кісен мен балтаның басын тапсырды.
- 13 наурызда Атырау қаласының тұрғыны Досқариев Маркен жер игеру кезінде тапқан 2 дана қыш құмыраны музей-қорыққа сыйға тартты.



- 17 наурызда Сарайшық ауылы тұрғыны Молдашев Жоламан құлып пен есік тұтқасын тапсырды.
- 30 мамырда Абайдың 175 жылдығына орай, ардагер ұстаз Алпысбаев Тұрардың жеке архивінде сақталған, 1940 жылы Алматы қаласында латын қарпімен басылған «Абай Құнанбаев. Толық нұсқа» кітабын ұстаздың отбасы музей-қорыққа сыйға тартты.



- 11 маусымда Сарайшық ауылының тұрғыны Жексенбаев Нұрбек самаурын, примус және иін ағаш тапсырды.
- 29 маусым күні музей-қорық қызметкері Ахметова Ұлжан бесік тапсырды.
- 2020 жылы 3 шілдеде археологиялық барлау жұмыстары барысында музей археологы А.Тұраруұлы Қырым (Меңлігерей) тиынынын және тиын жасауға арналған дайын қоспаны әкелді.
- 2020 жылы 9 шілде археологиялық барлау жұмыстары барысында музей археологы А.Тұраруұлы 3 дана керамикалық құбыр фрагменттерін, диірменнің 1/3 бөлігін, көк түсті тақтайша(изразец) тапсырды.
- 2020 жылы 14 шілдеде экспедиция барысында музейдің ғылыми қызметкері А.Жұмабаев сармат жебесін тауып, музей қорына тапсырды.
- 2020 жылы 28 шілдеде «Ембімұнайгаз» АҚ-ның департамент директоры Рауан Сабыров 95 дана жәдігерден тұратын өзінің жеке коллекциясын музейге сыйға тартты.



- 2020 жылы 14 тамызда Нарын құмына ұйымдастырылған экспедиция барысында неолит дәуірінің 150 дана жәдігерін тауып, музей қорыққа тапсырды. Біздің заманымызға дейінгі 3-5 мыңжылдықтарға тиесілі құмыра, қайрақ тастар музей қорын толықтырды.

- 2020 жылы 25 тамызда Сарайшық музей-қорығының бір топ мамандары Атырау облысының Исатай ауданына экспедицияға барған сапарларынан олжалы оралды. Исатай ауданының тұрғыны Мұратова Бағдат Елеусінқызы «Сарайшық» музей-қорығына көне жез құманды сыйға берді. Жез құман саудагерлікпен айналысқан атасы Мұқанов Қажығалидан қалған. Жәдігер XIX-XX ғасырдың басы ретінде мерзімделеді.



- 2020 жылы 14 қыркүйекте «Музейге сый» акциясы бойынша Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылының тұрғыны Молдағалиева Аққенже әкесі Молдағалиев Қайрекен пайдаланған XX ғасыр басындағы үлдірікті сыйға тартты. Үлдірік - бұл қазақ халқы тұрмысында ыдыс-аяқ, тамақ қоюға арналған сөре тәріздес жиһаз түрі.



- 2020 жылы 7 қыркүйекте Исатай ауданының тұрғыны Неталиев Шеген темір үтік мен көсеуді сыйға тартты.
- 2020 жылы 10 қыркүйекте музей қызметкері А.Жұмабаев Исатай ауданына ұйымдастырылған экспедиция кезінде тиын, ілмешек, керамика сынықтарын тауып, тапсырды.
- 2020 жылы 10 қыркүйекте музей археологы А.Тұраруұлы Исатай ауданына жасалған экспедиция барысында кремнийден жасалған 114 дана құралдар фрагменттерін тапсырды.
- 2020 жылы 11 қыркүйекте музей қызметкері А.Жұмабаев Исатай ауданына ұйымдастырылған экспедиция кезінде шамамен 1920 жылдарғы сепаратор және 27 дана ауға байлайтын ауырлатқыштар мен қорым тастарының фрагменттерін тапсырды.



- 2020 жылы 11 қыркүйекте музей қызметкері А.Жұмабаев Исатай ауданына ұйымдастырылған экспедиция барысында табылған үзеңгіні тапсырды.
- 2020 жылы 11 қыркүйекте музей басшысы Ә.Мұқтар 2 қырлы сармат жебесін тауып, музей қорына тапсырды.
- «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының өкілдері Атырау тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен биылғы жылы 10 желтоқсанда ресейлік «Переправа» іздестіру-зерттеу жасағының арқасында сүйегі табылып, Отанына жеткізілген Ұлы Отан соғысының жауынгері Мұқалов Сапарғали Ербатырұлының жиендері Үмбетияров Марат Қуанышұлы, Құспанғалиев Баянғали және Алтай

Қойшығалиұлдарымен кездесуге қатынасты. Мұқалов Сапарғали Ербатырұлы 1920 жылы Сарайшық ауылында дүниеге келген. 1940 жылы Чита қаласына әскер қатарына шақырылған. 1941 жылы Сапарғали Ербатырұлы 16-шы Армия құрамында болған 5-ші механикаландырған корпустың 13-ші танк дивизиясында жауға қарсы соғысқан. Сол жылы 21 жастағы жауынгер Смоленск үшін болған шайқаста қаза тапқан. 2020 жылы 28 қазанда Смоленск облысының Кардымовский ауданында Максимова Наталья Геннадьевна басқаратын «Переправа» іздестіру-зерттеу жасағы жауынгер сүйегін тауып, медальонындағы «ҚазақКСР Гурьев облысы, Баксай ауданы, Сарайшық ауылы Ербатырова Рахимаға жіберсін» деген анасына арналған жазба бойынша ұрпақтарын тауып, атамыздың елге оралуына себепші болды. Батырдың ұрпақтары жауынгердің жанында болған құрал-саймандарын Атырау және Сарайшық музейлеріне сыйға тартып, құжаттарының көшірмелерін берді.




- 2020 жылы 28 желтоқсанда Исатайлық азамат, аңшы Неталиев Шеген екі дана қасқыр терісін сыйға тартты.



6.2 Ғылыми кітапхана

2020 жылы музей-қорық «Кітап - құнды жәдігер» акциясын эстафета ретінде жариялады. Бұл игі істі музейдің ардагері Жанұзақ Ғизатов, Сарайшық ауылдық кітапханасы, «Сарайшық» мәдениет үйі, Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебі қолдап, өздері кітап сыйлап, эстафетаны кезекті әріптестеріне жолдап отырды. Музей кітапханасында 2019 жылы 281 кітап болса, 2020 жылы акция нәтижесінде 296 кітапқа дейін толықты.

2020 жылы қабылданған кітаптар:

- Ғизатов Ж. Түркіден қалған тектілік. - Алматы: «Принт плюс», 2019. – 2016+8 б.
- Нағымұлы Ш. Азалы Ақ кітап. - Астана: Фолиант, 2015. – 240 б.



- Үш жүздің шежіресі




- Энциклопедия Атырау облысының мұғалімдері I-II томдары. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2004 ж-248 б.



- "Арыс" баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес музей-қорықтың қорына




- Атырау арыстары. Мұрат Мөңкеұлы.Атырау: Атырау университеті, 2018.-280 бет, сурет. «Basprint» баспасы.-2 дана.




- Жахатов М. Құлпытастар сөйлейді.екінші кітап/Мұратбек Жахатов.-Алматы: «Арыс» баспасы,2019.-352 бет+16 бет түрлі-түсті суретті жапсырма.



- Кожа-Ахмет Хасен Каримжанулы (Теміржолды Қожа-Түрк). «Моя борьба с империей зла»:История/Хасен Кожа-Ахмет-Алматы: «Арыс», 2020.-128 с.



- Мұраттанушы Мұраты: Профессор Қабиболла Сыдыиқұлын еске алу кітабы. - Алматы: «Арыс»баспасы, 2019.-416 бет.- 2 дана.




- Айтмұхамбетов Т. Мәңгілік мұрат (Заңгердің жан сыры).Алматы: «Арыс»баспасы, 2020.-312 бет.+32 бет түрлі-түсті суретті жапсырма.



- Ершу М. Шығармашылық лаборатория.-Нұр-Сұлтан,2020.-268 б.



- Ахмет А. Қаратай хан. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.



- Мұқтар Ә. Қазақ хандығы құрылымындағы билер, батырлар, қожалар, жасауылдар, аталықтар және тархандар институттары. Алматы: «Арыс» баспасы, 2020.



- Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы. Ерлікке тағзым. Кітап-альбом. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.




6.3 Экспозиция-көрме жұмыстары

Көрме – музей коллекциясын қайта таныстыру құралы. Экспозиция – қордың бір бөлігі ғана, бірақ оның ең үздік үлгілері. Экспозицияда экспонаттар хронологиялық тәртіп

бойынша орналастырылған. Музей экспозициясы басты-басы екі тарауға бөлінген: олар – тұрақты көрме, уақытша көрме және жылжымалы көрме.

2020 жылы **1** республикалық, **1** онлайн, **1** облыстық, **2** тұрақты, **1** уақытша және **1** сурет көрме-байқау ұйымдастырды.


Тұрақты көрмеде 365 жәдігерден тұратын музей экспозициясы жасақталды. Сондай –ақ музей-қорық ауласында 2019 жылы жасақталған этноауыл экспозициясында этнографиялық бұйымдар көрермендер назарына ұсынылды.





- Уақытша көрмелер бойынша музей-қорық ауласында 2019 жылда «Ортағасырлық Сарайшық: Қазақ Елінің астанасы» атты сурет көрме байқаудың нәтижесінде қабылданған суреттерден ашық аспан астындағы көрме ұйымдастырды.





- Музейдің қор коллекциялары негізінде 28-29 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында Алтын Орданың 750, Қасым ханның туғанына 575, Қазақ хандығының 555 жылдығына орай «Сарайшық-Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстел аясында «Ортағасырлық Сарайшық – Қазақ елінің астанасы» атты көшпелі республикалық көрме ұйымдастырылды. Көрме жәдігерлерін тамашалауға 70-тен астам көрермен келді.





- 15 қазан 2020 жылы Махамбет селосындағы «Өнерпаз» мәдениет үйінде Сарайшық музей қорығы Махамбет аудандық әкімдігімен бірлесе Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алтын Орданың 750 жылдығын жоғары деңгейде атап өту тапсырмасын іс жүзіне асыру мақсатында «Сарайшық: Тарихқа тұнған туған өлке» тақырыбында II облыстық суретшілер мен қолөнершілер байқауын өткізді. Байқауға облыс көлеміндегі кәсіби суретшілер мен қолөнершілер қатысты, сурет жанры бойынша 11 суретші, қолөнер жанры бойынша 8 шебер қатынасты.
  Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындарға сурет жанры бойынша:
  I орын Телеубай Бақтыгерей Селдіруұлы, КСРО және ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, кәсіпқой суретші, «Сарайшық сазы» туындысымен;
  II орын Кендір Отарбай Қанатұлы, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Дизайнерлер академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, «Алтын Орда.Сарай» туындысымен және Бозжігітов Еркін Серікұлы, ҚР Көркем Академиясының корреспондент мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, Халықаралық қолөнершілер қауымдастығының мүшесі; Бермағамбет Нұрлан Әбиұлы, ҚР Көркем Академиясының корреспондент мүшесі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, ҚР Көркем Академиясының «Ұлы Ел тарандысы» алтын медалінің иегері, өнертанушы; Аманов Қамбарбек Хасенұлы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ҚР Көркем Академиясының академигі, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі, ҚР Көркем Академиясының «Ұлы Ел тарандысы» алтын медалінің иегері «Алтын Орда сарайы» туындысымен;
  III орын Жантасов Әділқайыр Пангерейұлы, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі,ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Жібек» туындысымен, Оразғали Төлеужан Рзабайұлы, «Киелі мекен-Сарайшық» туындысымен және Миянов Бағытжан Шынболатұлы, «Сарайшық аңызы» туындысымен;
  Қолөнер жанры бойынша
  I орын Жумашев Қалымбек Сабырұлы, «Көшпендінің сандығы» туындысымен;
  II орын Қисметов Талғат Геннадиевич, «Алтын қайық аңызы» түкті гобеленімен және Қарабалина Жанар Оралбайқызы, «Алтын қайық» біз кесте туындысымен;
  III орын Елтезерова Нұргүл Қадырқызы, текеметпен, сондай-ақ Қалиев Нұрсұлтан Молдағұлұлы, «Киелі ағаш» (ағаш, тері, сүйек, метал) туындысымен, Орынбасарова Зинат Габдушевна – қыш құмыра туындысымен;
  Қалған қатынасушылар алғыс хаттармен марапатталды.








- 03.07.2020 жыл – 6 шілде –Астана күніне орай, "Астаналар ізімен" атты онлайн көрме



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/282346272968777/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 2020 жылдың 13-24 қараша аралығында Махамбет тарихи-өлкетану музейінде жылжымалы көрме ұйымдастырды. Көрмеге археологиялық қазба, ғылыми-зерттеу экспедициялары барысында және «Музейге сый» акциясы бойынша қабылданған жәдігерлер қойылды. Сонымен қатар, көрмеден биылғы жылы Махамбет аудандық әкімдігімен бірлесе ұйымдастырылған Алтын Орданың 750 жылдығына арналған «Сарайшық: Тарихқа тұнған туған өлке» тақырыбындағы суретшілер мен қолөнершілер сайысының жүлделі туындылары орын тапты.






https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3782189088460668/3782157188463858/



6.4 Экскурсия және насихат бөлімі


Музейге келетін қонақтарымызды санаты бойынша 1) 7 жасқа дейінгі балалар, 2) оқушылар мен студенттер, 3) мүмкіндігі шектеулі тұлғалар, 4) ересектер, 5) зейнеткерлер, 6) шетелдіктер деп бөлуге болады. Осы санаттағы бірінші бестікті шартты түрде жастар деп алып, оған ересектер санатындағы 35 жасқа дейінгілерді қоссақ, онда ересектерге қарағанда музейге келетін жастар жағы басымырақ. Негізінен музейге келетін ересектер мен жастардың арақатынасы шамалас. Сонымен қатар, музейге ресми делегациялар да ат басын бұрып отырады. 2018 жылы - 12468, 2019 жылы - 18501, 2020 жылы - 2716 көрермен музей-қорықты тамашалады. Оны өткен жылдармен салыстырар болсақ:



Наурыз айынан бастап әлемде орын алған пандемияға байланысты барлық шаралар онлайн форматқа ауыстырылды. Онлайн көрме, экскурсиялар музей-қорықтың әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы насихаттала бастады:


6.4.1 Онлайн экскурсия-фейсбук әлеуметтік желісінде тікелей эфирде таныстырылды

- 02.04.2020 жыл – «Сарайшық» музей-қорығы бойынша онлайн экскурсия - С.Бекешова (орыс тілінде)



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/203041450991064/

- 06.04.2020 жыл – «Сарайшық» музей-қорығы бойынша онлайн экскурсия - Н. Қартанбаева (қазақ тілінде)



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/222369828842469/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 10.04.2020 жыл – Сарайшық» музей-қорығы бойынша онлайн экскурсия – Ж.Диярова (қазақ тілінде)



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/269375037404030/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

6.4.2 Бейне экскурсия- «Сарайшық» музей-қорығының әлеуметтік желілеріне салынды

- 05.05.2020 жыл – Н.Қартанбаева «Хандар кесенесі экскурсия» (қазақ тілінде)




- 10.05.2020 жыл – С.Бекешова «Хандар кесенесі экскурсия» (орыс тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/570413350252162/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 29.05.2020 жыл – – Н.Қартанбаева «Этноауылға саяхат» экскурсия (қазақ тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/749088972303083/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 05.06.2020 жыл – С.Бекешова «Путешествие по этноаулуу» экскурсия (орыс тілінде)




https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/316734982924474/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 08.06.2020 жыл – «Ортағасырлық сарайшық қазба орнына» экскурсия- 1 нысан



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/583670569227451

- 18.06.2020 жыл – «Ортағасырлық сарайшық қазба орнына» экскурсия- 2 нысан



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/637129190482807

- 22.06.2020 жыл – «Ортағасырлық сарайшық қазба орнына» экскурсия- 3 нысан



- 18.09.2020 жыл - «Сурет әлеміндегі Сарайшық» атты бейне экскурсия -Н.Қартанбаева (қазақ тілінде)



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/342084033703353/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card


- 21.09.2020 жыл - «Сурет әлеміндегі Сарайшық» атты бейне экскурсия-С.Бекешова (орыс тілінде)



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/3130336327035640/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card


6.4.3 «Сарайшық жәдігерлері сөйлейді» жобасы

- 22.04.2020 жыл – С.Бекешова «Хум» (1 бөлім)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1622190481238160

- 07.05.2020 жыл – С. Бекешова «Жануар сүйектері туралы» (2 бөлім) орыс тілінде




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/715801765832337

- 12.05.2020 жыл – Н.Қартанбаева «Сарайшық құрылыс тастары және монша суағары» (3-бөлім)



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/535259140490171/?__so__=channel_tab&__rv__=playlists_card

- 03.06.2020 жыл – С.Бекешова «Қытай фарфоры-селладон кеселері» (4-бөлім) (орыс тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/722793345158446

- 18.06.2020 жыл – Н.Қартанбаева «Жылқы бейнесіндегі құлып» (5-бөлім)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/629247107802396

- 23.06.2020 жыл – С.Бекешова «Қола айна» (Ағылшын тілінде) (6-бөлім)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/742015843274480

- 21.07.2020 жыл – Н.Қартанбаева «Шығыр» (7-бөлім)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1173099579732458

- 21.08.2020 жыл – Н.Қартанбаева «Палентологиялық жәдігерлер тарихы» (8- бөлім) (ағылшын тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1012932029127453

- 28.08.2020 жыл – С.Бекешова «Сарайшық моншақтары» (9-бөлім) (ағылшын тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/318098879302007


6.4.4 «Бір жәдігер тарихы» айдары

- 17.08.2020 жыл – «Сфераконус» (Ж.Байғалиев) 1-бөлім




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/633238947317101

- 24.08.2020 жыл – «Штампөрнекті ыдыстар» (Ж.Байғалиев) 2-бөлім



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1281807608837108

- 27.08.2020 жыл – «Су құбырлары» (Ж.Байғалиев) 3-бөлім




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/632849550986931

- 02.10.2020 жыл – «Сепаратор» (М.Әбдіғалиев) 4-бөлім




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/668972954032122

- 21.10.2020 жыл – «Аққу көлі» (С.Бекешова) 5-бөлім (орыс тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/684956595787196

- 28.10.2020 жыл – «Рауан Сабыров жеке коллекциясы» (Н.Қартанбаева) 6-бөлім



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/675807709992119

- 25.11.2020 жыл – «Бусы» (С.Бекешова) 7-бөлім (орыс тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/140684987417935


- 21.12.2020 жыл – «Асық» (Төре) 8-бөлім



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/2184012318398523/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

6.4.5 «Онлайн музейдің көремені»

- 10.11.2020 жыл - Атырау қаласындағы Қ.Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледжі студенттерінің музей-қорыққа онлайн саяхаты жасалды.




https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3773277509351826/3773277399351837/

- 11.11.2020 жыл - «APEC PetroTechnic» жоғар колледж студенттеріне Сарайшық қаласы онлайн таныстырылды.




https://www.youtube.com/watch?v=Mt3KLZGArVE&ab_channel=Saraishykmuseum

- 07.12.2020 жыл - Атырау қаласы Каспий өңірінің қазіргі заманғы жоғары колледжі аударма ісі мамандығы студенттеріне жүргізілген онлайн экскурсия.



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3849040291775547/3849039978442245

- 12.11.2020 жыл - Қ.Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледжінің дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттеріне музей-қорық қызметкерлері онлайн экскурсия жүргізді.



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3779225452090365/3779225385423705/

6.4.6 «Көршілес музей»

- 02.12.2020 жыл - М.Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи-өлкетану музейіне онлайн экскурсия



https://www.instagram.com/tv/CISKh7QHzTH/?igshid=pxrxu05y98ht

- 23.12.2020 жыл - "Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби" музейіне онлайн экскурсия



https://www.instagram.com/tv/CJFruh-nnWb/?igshid=1jzajf609cipr

6.4.7 Интерактивті ойындар

- 2020 жылы 19 желтоқсанда "Сарайшық" музей-қорығына келушілер - Атырау облыстық туберкулезге қарсы балалар ауруханасының бір топ емдеушілері "Батырдың ертегі әлеміне саяхат" бағдарламасы аясында интерактивті саяхатқа қатысты. Кішкентай

қонақтарымызды музеймен таныстырып, түрлі ойындар ойнатылды. "Қазына іздеу", " Бұл кім? Бұл не?" сияқты командалық ойынға балалар қызығушылықпен ат салысты.




https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3877551438924432/3877374502275459/?type=3&theater

7 Музей-қорық ақпараттық- насихаттық жұмыстары

7.1 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметін және ортағасырлық Сарайшық қаласын насихаттауы

-«Қазақстан – Атырау» телеарнасында
- Сарайшық жер бетінен жоғала ма? 07.02.2020ж (21:42)



https://atyrautv.kz/kz/news/society/saraishyk-zher-betinen-zhoiyla-ma-video

- Атақты археолог – «Атырау» телеарнасында



https://atyrautv.kz/kz/news/society/atakty-arheolog-atyrau-arnasynda-video

- Көне шаһардың қақпасы қайта қаланады (ВИДЕО) 20:51, 24 ақпан 2020



https://atyrautv.kz/kz/news/society/kone-shahardyn-kakpasy-kaita-kalanady-video

- Алтын көпір – Қорым құпиялары (21.02.2020)



https://atyrautv.kz/ru/archive/programs/programs_policy/altyn_kopir_atyrau/1090527

- «Efirde 102 FM» бағдарламасы (05.03.2020)



- http://atyrautv.kz/kz/archive/programs/programs_morning/efirde_102_atyrau/1094903

- 03.09.2020 жыл - Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауы аясында “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры, т.ғ.д., Ә. Мұқтар бүгін “Президент жолдауы- қоғам талқысында” тақырыбындағы «EÝRAZIIA ENDIGINDE» ток-шоуына қатысты



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3566841243328788/

- 09.10.2020 жыл - «Babalar izimen» атты эскпедиция Сарайшықта (Атырау ТВ)



https://atyrautv.kz/kz/news/society/sary-aishykty-saraishyk

- 14.10.2020 жыл - «Babalar izimen» атты экспедициясы келді



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3696018153744429/

- 26.10.2020 жыл - "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы Махамбет аудандық әкімдігімен бірлесе ұйымдастырған "Сарайшық: Тарихқа тұнған өлке" атты суретшілер мен қолөнершілер сайысы



https://atyrautv.kz/.../society/saraishyk-sazy-uzdik-tuyndy

- «БІРІНШІЛЕР» - ҮЛКЕН ІЗДЕНІСТЕН ТУҒАН ТУЫНДЫ



https://atyrautv.kz/kz/news/society/birinshiler-ulken-izdenisten-tugan-tuyndy

- QAZAQSTAN TV телеарнасында

- «Ашық алаң» қоғамдық-саяси ток-шоуы Тақырып: Ұлық ұлыс – 750 (05.02.2020)



https://qazaqstan.tv/videos/122413


- 18.10.2020 жыл - "Сарайшық" музей-қорығының қазбасы



https://qazaqstan.tv/news/132492/

- Kazakh TV телеарнасында

- 30.03.2020 жыл – «Сарайшық қаласы»



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3123200534359530/

- «Хабар 24» телеарнасында

- 14.08.2020 жыл – Рауан Сабыров 100-ге жуық жаңа жәдігерлермен музей-қорық қорын толықтырды.



https://24.kz/ru/news/culture/item/415023-khan-ordaly-sarajshyk-popolnilsya-novymi-eksponatami

- 30.09.2020 жыл - Сарайшықта Алтын Орда дәуірінің тұрғын үй-жайларына қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде



https://24.kz/kz/zha-aly-tar/m-denie/item/426383-atyrau-oblysynda-y-khan-ordaly-sarajshy-alasy-turizm-ortaly-yna-ajnalma

- 18.10.2020 жыл - "Сарайшық" музей-қорығының қазба жұмыстары жөнінде



https://24.kz/.../o-am/item/430016-asym-khan-ajda-zherlengen

- «МИР» телерадиокомпаниясы

- 16.08.2020 жыл – «Сарайшык – город между Европой и Азией»



https://www.facebook.com/Mir24TV/videos/1865448186937874/

- 10.09.2020 жыл – «Легенды Центральной Азии»



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3588039924542253/

- Әлеуметтік желі

- 20.10.2020 жыл - «Сарайшық” музей-қорығына «Babalar izimen» атты экспедиция келген елімізге танымал блогер, журналист Өркен Кенжебектің "Instagram" әлеуметтік желісіндегі жеке парақшасында Сарайшыққа саяхаты жөніндегі бейнероликтер жариялады



https://www.facebook.com/1646633785349553/posts/3713027555376822/

- Түркия елінің азаматшасы Майя Исмаиловаңың ютуб каналындағы жеке парақшасында Сарайшыққа арналған бейнебаяны жарық көрді



https://www.youtube.com/watch?v=y4he6ptKJUg&ab_channel=MAYAMUSICISMAILOVA

7.2 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалары

1. Мұқтар Ә.Қ. Сарайшық - Жошы ұлысы билеушілерінің пантеоны/ Egemen Qazaqstan. https://egemen.kz/…/218064-sarayshyq-%E2%80%93-zhoshy-ulysy… 2020 жыл 20 қаңтар.

2. Сағынбаева О. Сарайшық музей-қорығының жастар аудиториясына арналған музей қызметінің инновациялық түрлері/ Үш қоңыр//№6(473) 7 ақпан 2020 жыл

3. Мұқтар Ә.Қ. Жошы ұлысы тарихындағы Сарайшық // «Түркістан» https://turkystan.kz// №7(1333) 20 ақпан 2020 жыл

4. Мұқтар Ә.Қ. Хан Ордалы Сарайшық-сұхбат// Қазақ әдебиеті / №8 21 ақпан 2020 жыл

5. Тұраруұлы А. Сарайшық - жаһұт-бейне, жүзік-арман, сен менің дастаным ең үзіп алған// «Атырау» / 21 ақпан 2020 жыл

6. Мұқтар Ә.Қ. Ұлы Ұлыс тарихындағы Сарайшық // «Жайық шұғыласы» / №12-13 26 наурыз 2020 жыл

Нұғманова Н.Т. Сарайшык археолога Галкина. //Прикаспийская коммуна / 21 сәуір 2020 жыл

7. Байғалиев Ж. Өлке тарихын зерттеуші В.К.Афанасьев // «Жайық шұғыласы» / №17 23 сәуір 2020 жыл

8. Мұқтар Ә.Қ. Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық // Egemen Qazaqstan / 5 мамыр 2020 жыл

9. Мұқтар Ә.Қ. Имандылық нұрын сепкен Қазіреттер // Атырау / №39 12 мамыр 2020 жыл

10. Мұқтар Ә.Қ. Ұжым болып, ұйымшылдықпен жазылдық // Жайық шұғыласы / №20 14 мамыр 2020 жыл

11. Жұмабаев А. Хорезм және Сарайшық. //Жайық шұғыласы / №21 21 мамыр 2020 жыл

12. Нұғманова Н.Т., Байғалиев Ж.Р. Движение человеческой души //Прикаспийская коммуна / №50 23 маусым 2020 жыл

13. Тұраруұлы А., Әбдіғалиев М. Сырын бүккен Сарайшық //Атырау / №55 10 шілде 2020 жыл

14. Бекешова С. Сарайшық жәдігерлері: Көне жануарлардың сүйектері //Жайық шұғыласы / №28 10 шілде 2020 жыл

15. Мұқтар Ә.Қ. Сарайшық-хандар мекені // Атырау /4 тамыз 2020 жыл

16. Байғалиев Ж. Ашық музей мұңға айналатын түрі бар // «Жайық шұғыласы» / №32 7 тамыз 2020 жыл

17. Қартанбаева Н. Шығыр // Жайық шұғыласы/ №.32 7 тамыз 2020 жыл

18. Бекешова С. Өлке тарихының жанашыры // Жайық шұғыласы/ №.44 30 қазан 2020 жыл

19. Бекешова С. Құдағай жүзіктің сыры // Жайық шұғыласы/ №.46 13 қараша 2020 жыл

20. Мұқтар Ә.Қ. Сәуле шашқан санаға // Атырау/ №97 4 желтоқсан 2020 жыл

7.2.3 «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қызметкерлерінің ғылыми жинақтарда жарық көрген баяндама-мақалалары

1. Мұқтар Ә.Қ. Бөкей ордасының қазіреттері және олардың ел ішіндегі қызметтері (XIX-XXғ. басы) //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 9-12 бб.

2. Ахметова Ұ.Т., Мұқтар Ә.Қ. Прорва еңбекпен түзету лагері тарихынан (1932-1950 жж.) //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық

онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 38-44 бб.

3. Құттымұратұлы Қ., Мұқтар Ә.Қ. Тілеубай батыр тағдыры //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 83-88 бб.

4. Тұраруұлы А. Сарайшықты зерттеген археологтар //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 120-125 бб.

5. Әбдіғалиев М.Қ. Байғаниндік батырлар - Ұлы Отан соғысы жылдарында (Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы бойынша) //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 76-81 бб.

6. Әбдіғалиев М.Қ. Жаңа тарихи-мәдени мұра заңы және Сарайшық //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 48-53 бб.

7. Нугманова Н.Т. Памятники Великой Отечественной войны Курмангазинского района //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 204-208 бб.

8. Нұғманова Н.Т. Сарайшық қалашығының тарихы: Қазан төңкерісіне дейінгі орыс дереккөздерінде (XVIII - XX ғғ.) //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 99-104 бб.

9. Жұмабаев А.Ж. Қазақ батырлары және тарихи сабақтастық //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 229-235 бб.

10. Жұмабаев А.Ж., Салыхова А.Р. Ленин орденді метеоролог - Ғайнеден Жәлекеев //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 71-74 бб.

11. Жұмабаев А.Ж., Сакупова А.Ж. Жазықсыз жазаланған азамат (Отызыншы жылдары Қазақстан өлкесін басқарған азамат Х.Ақботин туралы) //«Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 67-71 бб.

12. Байғалиев Ж.Р. Қарақалпақстандық қазақ батырлары Ұлы Отан соғысында //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 105-109 бб.

13. Байғалиев Ж.Р. Ортағасырлық Сарайшық зерттеушісі - В.К. Афанасьев// «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 53-56 бб.

14. Диярова Ж. //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар

жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 105-109 бб.

15. Диярова Ж. // «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 53-56 бб.

16. Сағынбаева О. //«Қазақстанның 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі» халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы/ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 29.04. 2020 ж. – 105-109 бб.

17. Сағынбаева О. // «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» республикалық онлайн ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы - Атырау-Сарайшық, 15.05. 2020 ж.- 53-56 бб.

18. Мұқтар Ә. Қазақ хандары саясатындағы ортағасырлық Сарайшық // ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты ұйымдастырған Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы Даланың тарихи-мәдени кеңістігіндегі Жошы Ұлысының (Алтын Орданың) маңыздылығы мен рөлі» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-теориялық онлайн-конференция материалдарының жинағы – Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 28 мамыр 2020. -164 б. // https://iie.kz/?p=10820

19. Жумабаев А.Ж. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы және Сарайшық // Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (17 маусым 2020 жыл)./ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау:Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020. -152б. (124-131 бб.)

20. Сағынбаева О. Сарайшық музей-қорығындағы жәдігерлер, олардың маңызы // Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (17 маусым 2020 жыл)./ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау:Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020. -152б. (119-124 бб.)

21. Диярова Ж. Алтын орда тарихын дәріптеуде Сарайшық музей-қорығының рөлі // Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (17 маусым 2020 жыл)./ Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау:Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020. -152 б. (115-119 бб.)

22. Мұқтар Ә.Қ., Жумабаев А.Ж. Әлкей Марғұлан және Сарайшық. //Мәдени мұра. -2020. - №1. - 4-9 бб.

23. Мұқтар Ә., Ахметова У., Жумабаев А. Қазақ хандығы саясатындағы Сарайшық қаласы // Отан тарихы. -2020. -№3 (91). -41-51 б.

24. Муктар А., Ахметова У. Значение трудов К.Л. Есмагамбетова в исследовании истории Казахстана // Вестник Прикаспия: археология, история, этнология. Научный журнал, -2020. -№ 7.-С.22-27 (импакт фактор РИНЦ 0,083)

25. Муктар А., Ахметова У., Жумабаев А. Средневековый Сарайшык в истории Золотой Орды и Казахского ханства (XIII - XVI вв.) // Вестник Прикаспия: археология, история, этнология. Научный журнал, -2020. -№ 7.-С. 6-12 (импакт фактор РИНЦ 0,083)

26. Мұқтар Ә.Қ. Алтын Орда тарихындағы Сарайшық қаласы // «Алтын Орда – 750 жыл: тарих, әдіснама және қазіргі заманғы мәні» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның баяндамалар жинағы. -Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2020. – 32-41 б.

27. Әбдіғалиев М. Сарайшық тиындары және тазалау жұмыстары //«Алтын Орда – 750 жыл: тарих, әдіснама және қазіргі заманғы мәні» атты республикалық ғылыми-

тәжірибелік онлайн-конференцияның баяндамалар жинағы. -Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2020. – 64-66 б.

28. Жумабаев А. Сарайшық музей-қорығы және Алтын Орда тарихы //«Алтын Орда – 750 жыл: тарих, әдіснама және қазіргі заманғы мәні» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның баяндамалар жинағы. -Қостанай: «Центрум» ЖШС, 2020. – 66-72 б.

7.3 «Сарайшық» қаласы және музей-қорыққа байланысты газет беттерінде жарық көрген мақалалар

1. Әмірова Г. Сарайшық – Ұлы Дала мұраты/ «Atyrau» atyrau_gazeti@mail.ru//№15 25 ақпан 2020 жыл

2. Айтқалиев Қ. Нәзік жандыларға құрмет көрсетілді / «Жайық шұғыласы» // №10 (6427) 12 наурыз 2020 жыл

3. Әмірова Г. Ұлы дала мұрасы-Сарайшық / «Жайық шұғыласы» // №19 13 наурыз 2020 жыл

4. Қуанышқалиева А. Ұлы Дала ханымдары/ zhayk-shuglasy// zhayk-shuglasy@mail.ru №11 (6428) 19 наурыз 2020 жыл

5. Кипиев М. Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылды // «Атырау» / №23-24 27 наурыз 2020 жыл

6. Куанышева М Нам еще предстоит открыть Сарайшык/ www.pricom.kz 9 июня 2020 год.

7. Жаңабай М. Сарайшық – хандар мекені/«Atyrau» atyrau_gazeti@mail.ru//№62 4 тамыз 2020 жыл.

8. Атырау облысы. Мұнайшы сыйлаған жәдігер / «Егемен Қазақстан » / 6 тамыз 2020 жыл

9. Жұмабаева Ж. Лаэти, Сарайшық және Тристарго // Атырау / № 70 2 қыркүйек 2020 жыл

10. Атырау облысы. Сәнің қайда Сарайшық / «Егемен Қазақстан » / 14 қыркүйек 2020 жыл

11. Кенже А. Қасым хан қайда жерленген // Атырау / № 84 20 қазан 2020 жыл

12. Айтқалиев Қ. Сарайшық сазы – үздік туынды // Жайық шұғыласы / №43 23 қазан 2020 жыл

13. Көшербайұлы Ж. Қасым хан Сарайшықта жерленген бе? // «Егемен Қазақстан » / 23 қазан 2020 жыл


7.4 Музей-қорық сайтында, әлеуметтік желілерде насихатталуы

- Сайт: Saraishyq.kz

№	Тақырып	Саны
1	Жарияланымдар: (жалпы)	222
2	Қаралым	49597

Ең көп қаралған беттер:






- **Facebook:** https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk

№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	1031
2	Жарияланымдар: (жалпы) • фото-мәтінді ақпараттар • бейнероликтер • сілтемелер	438 242 168 28
3	Лүпілдер	4332
4	Пікірлер	1055
5	Қаралым	89381
6	Қамту аясы	153930
7	Мемлекеттер	18

Парақшаға тіркелушілер көрсеткіші:







- **Инстаграм: Saraishyk_museum**


№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	228
2	Жарияланымдар: (жалпы)	322
3	Лүпілдер	2580
4	Пікірлер	112
5	Қаралым	9354
6	Қамту аясы	11258
7	Мемлекеттер	18

Парақашаға тіркелушілер туралы көрсеткіштер:













- **Ютуб: Saraishyk_museum**

№	Тақырып	Саны
1	Тіркелушілер	33
2	Жарияланымдар: (жалпы)	50
3	Қаралым	581
4	Мемлекеттер	2

Парақшаға тіркелушілердің орналасуы және жас ерекшеліктері:





8 Әкімшілік-құқықтық жұмыстар

8.1 Тәжірибе алмасу, ынтымақтастық жұмыстары

- 2020 жылғы ақпанның 5-7 аралығында "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының" қызметкері, археолог М.Әбдіғалиев "Әзірет Сұлтан" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің базасында 24 сағаттан тұратын "Археологиялық нумизматикалық материалдарды реставрациялау және консервациялау" тақырыбында оқу-тәжірибелік тағылымдамадан өтті. Оқу-тәжірибелік тағылымдамада археологиялық қазба кезінде табылған монеталарға алғашқы далалық тазалау жұмыстары, метал құрамына сараптама, метал түріне байланысты тазалау, жалпы тазалау кезінде атқарылатын жұмыстар реті, патинаға қатысты жұмыстар, монетаның бұзылуын тоқтатуға бағытталған консервациялау дәрістері үйретілді. Күлтөбе қалашығының қазба жұмыстарымен танысып, археолог, т.ғ.к. Марат Тұяқбаевпен кеңесті. Сонымен қатар іс-сапар барысында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми істер жөніндегі орынбасары, т.ғ.к. Тастанбеков Мұрат Мейірбекұлының қабылдауында болып, екі музей-қорық арасындағы меморандумның тиімділігін талқылап, алдағы уақытта тығыз қарым-қатынаста болу жөнінде келісілді.




- Түркістан қаласынан Рысбаев Абайхан есімді қыш жасаушы шебері «Сарайшық» музей-қорығына Сарайшық қыш бұйымдарының көшірмелерін жасау үшін, тәжірибе алмасуға келді.



- 28 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген Алтын Орданың 750, Қасым ханның туғанына 575 жыл, Қазақ хандығының 555 жылдығына орай «Сарайшық – Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстелдің аясында «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві ынтымақтастық келісімшарттарына қол қойды.



- Қасым ханның туғанына 575 жылдығына орай Қасым ханды ұлықтау мақсатында Сарайшық ауылына Қасым ханға арналған ескерткіш орнату және Сарайшықта Қасым ханға арналған даңғылын беру ұсыныстарын көтеріп, Атырау облысы әкімдігі және Сарайшық ауылдық округ әкімдігімен бірлесе жұмыстар жасап, хаттар жолданды.
- 16 сәуір 2020 жылы әлеуметтік желілерге музей қорын толықтырып, арнайы Ноғай Ордасына қатысты көрме жасақтау мақсатында Ноғайлы тарихына қатысты жәдігер қабылдайтыны туралы хабарландыру жарияланды. Одан өзге Карачаево Черкесскдегі «Ноғай Ел» қоғамдық бірлестігімен байланыс орнатылып, Атырау облыстық Қазақстан Халықтары Ассамблеясының меңгеруші секретары Шакирова Гүлмираға хат жолданып, байланыс орнатылды.
- Музей-қорығының бас инспекторы Жұмабаев Амангелді 2020 жылдың қыркүйек айының 13-20 күндері аралығында Алматы қаласында, Орталық ғылыми кітапханада тәжірибе алмасып, ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихына байланысты ғылыми материалдар жинады.



- Махамбет, Индер ауданы әкімдіктерімен байланыс орнатылды.

Махамбет ауданы 2019, 2020 жылдары облыстық суретшілер мен қолөнершілердің байқауын өткізіп, жүлделі орындарға ие болған туындыларды музей қорына тапсырды. Нәтижесінде музей-қорық 9 сурет, 4 қолөнер туындыларымен толықтырылды. 2020 жылдың аяғында аудан музей қорықтан республикалық ескерткіш орнына тіке баратын жолды тегістеп қолайлы қарым-қатынас маршрутын қалыптастырды.

Индер ауданы әкімдігі 2020 жылдың аяғында ортағасырлық Сарайшықтағы ескерткіштер араларын қосып, туристерге қолайлы маршрутты қалыптастыру мақсатында жаяу жолға арналған уақытша төсеніш тастарын алып берді.





8.2 Музей-қорық қызметкерлерін көтермелеу жұмыстары

2020 жылы 21-мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлерінің мерекесіне орай мекеме қызметкерлері Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінен марапаттар алды.

«Туризм саласының үздігі» төсбелгісімен:

Бас қор сақтаушы Сағынбаева Орындық Қалиқызы;

«Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен:

Бас есепші Қайреденова Айгүл Жоламанқызы;

«Құрмет грамотасымен»:

кіші ғылыми қызметкер Нұғманова Назгүл Төлегенқызы;

археолог Жұмабаев Амангелді Жеңісұлы;

жәдігерлермен таныстырушы Бекешова Сауле Ғалымжанқызы марапатталды.

Қазіргі кезде музей-қорықта 2 «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері, 1 «Туризм саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, 6 Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталушы, 8 облыстық «Алғыс хат», 4 аудандық «Алғыс хатпен» марапатталған қызметкерлер еңбек етуде.



9 Мәдени-көпшілік шаралар

9.1 Қайрымдылық акциясы

Жыл басында, музей-қорық «Бірігіп әлемді жақсартайық» атты қайырымдылық акциясын бастады. Мақсат – Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің шағын орталық тәрбиеленушілеріне ойын бөлмесін жасақтауға көмектесу. Әлеуметтік желі арқылы таратылып, қайырымдылық акциясына қол ұшын созам деген әрбір қолөнершілерге кеңінен насихатталды. Нәтижесінде, 30 000 теңге қаражат жиналды. 2020 жылы 30 қайырымдылық акциясын қорытындылады. Акция барысында музей қызметкерлерінің өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын сату арқылы жергілікті Қ.Қарашаұлы атындағы Сарайшық орта мектебінің шағын орталық тәрбиеленушілеріне ойыншықтар алынды. Мектеп директоры Ғ.Қ.Жексенбаева, шағын орталықтың меңгерушісі Н.А. Мастекова музей қызметкерлеріне алғыс айтып, өз ризашылықтарын білдірді.




https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/photos/pcb.3907397295939846/3907395389273370/?type=3&theater

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы әлемдік пандемияға байланысты, 2020 жылдың наурыз айынан бастап өз жұмысын онлайн форматта жалғастырған болатын. Онлайн форматтағы жұмыстар қатарында онлайн экскурсиялар, тарихшы ғалымдар мен музей-қорық қызметкерлерінің дәрістері, атаулы мейрам күндеріне арналған және әр түрлі бағыттағы бейнероликтер жарияланды.

9.2 Мектеп оқушылары мен студенттер арасында «Сарайшық туралы кім көп біледі?» викториналық сұрақтар ойнатылды. Жеңімпаздарға музей-қорықтың кәдесыйлары берілді.





9.3 «Өз қолыммен» шеберлік сағаты

- 15.04.2020 жыл – «Өз қолыммен» атты шеберлік сағаты (қор бөлімі қызметкерлері)





https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2856800011076838

- 29.04.2020 жыл – «Өз қолыммен» атты шеберлік сағаты (музей-қорық кассирі К.Акимова отбасы)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/246698766740933


9.4 «Өнер адамдары Сарайшықты жырлайды» жобасы

27.04.2020 жыл – көрнекті ақын Ғайсали Сейтақ



https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/332887051013205/

03.05.2020 жыл – Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Отарбай Кендір




https://web.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/935025313593369/

14.05.2020 жыл – Тұрлан Бисембаев “Қарасай Қази»



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/244377123481338

21.05.2020ж - Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлегі, Республикалық конкурстар лауреаты Неталиева Әйгерім Шегенқызының “Төрелер күйлерінің” топтамасы



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/881096102374392


9.5 «Ериктілер жылына» орай «Я покажу тебе музей» атты жастар бағдарламасы. Ерекшелігі бұл жобаға Үндістан елінің азаматшасы қатысып, Сарайшық музей-қорығына келгенде алған әсерімен бөлісті.

- 12.05.2020 жыл – Эдинбург университетінің магистрі Есенғазиев Абзал Қалмұратұлы Сарайшық туралы (ағылшын тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/981061695643340

- 23.05.202 жыл – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «тарих» мамандығы 4 курс студенті – Криволапов Руслан (орыс тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/685029425607848

- 27.05.2020 жыл – А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «тарих» мамандығы 1 курс студенті – Луговая Лариса (орыс тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2784751401811240

- 02.06.2020 жыл – Білім беру ісін басқару және көшбасшылық магистрі, Уорик университеті түлегі (Ұлыбритания) Жансұлтан Нұрмұханов (қазақ тілі)


https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1088269904875314

- 02.06.2020 жыл - Білім беру ісін басқару және көшбасшылық магистрі, Уорик университеті түлегі (Ұлыбритания) Жансұлтан Нұрмұханов (ағылшын тілінде)



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/249536986155019

- 10.06.2020 жыл – С. Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медецина университетінің 1 курс студенті Динара Жолдас




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/700861757155569

- 16.06.2020 жыл – Үндістан мемлекетінен Лаһари Чакраборти Сарайшық туралы




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/608393003110554

- 11.07.2020 жыл - Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның 10-сынып оқушысы Асылай Мәлік




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/706990459877169

- 30.07.2020 жыл - Сүлеймен Демирел университетінің 4 курс студенті Алинур Миннуркызы Сембиева




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2903472309782470

- 02.11.2020 жыл - Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры артисі Тәңірбергенов Жәңгір Қайыржанұлының пікірі



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/352434786014820

- 16.11.2020 жыл - Атырау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы Аяпберген Ғалымжан (ағылшын тілінде)




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1695654897269603

- 23.11.2020 жыл - Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры актрисасы Сағындықова Арудың пікірі



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1806090239558493


- 30.11.2020 жыл - Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театры актрисасы Силықов Әйгерімнің пікірі



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/977347749340435

9.6 Халықаралық музейлер күніне байланысты «Музейдегі түн» атты онлайн-жобасы

- 18.05.2020 жыл – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директоры т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтардың құттықтау сөзі



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1139313036428387

- 18.05.2020 жыл – «Сарайшық» музей-қорығы туралы бейнероликтер (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)

- 18.05.2020 жыл – «Өнер адамдар арасында өмірге келеді» жобасы аясында мектеп оқушылары мен студенттер қатысып, өздерінің қиялына ерік беріп, музей қорындағы жәдігерлерді ертегі әлемімен байланыстырып суреттер салды.




9.7 «Абай 175 жылдығына» арналып, «Абай үні – халық үні» отбаслық челлендж жүзеге асырылды

1. 20.05.2020 жыл – Мир Әбдіғалиев




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/534041267268461

2. 30.05.2020 жыл – Назерке Қартанбаева



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/568280320792551

3. 19.06.2020 жыл - Жанар Диярова




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/709386329838856

4. 19.08.2020 жыл - Назгүл Нұғманова



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2913618322258172


7.6.1 4. 10.08.2020 жыл - “Сарайшық” музей-қорығының жас мамандары тұңғыш тойланып отырған Абай күнін атап өту мақсатында ақын мұрасын насихаттай отырып Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі жолдарын оқыды



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/293486705246534

9.8 «Сарайшықты айшықтаған өлеңдер» жобасы

- 17.09.2020 жыл - APEC PetroTechnic Жоғары колледжінің 3-курс студенті Мадиева Шырай Н.Әжіғалиевтің «Сарайшық» өлең жолдарын арнады




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/259768331824377

- 24.09.2020 жыл - Қатира Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің 2 курс студенті Қапенова Жанерке Светқали Нұржанның "Сарайшықтың көзесі" өлеңін;




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1723238951178724

- 05.11.2020 жыл - Н.Қартанбаева Сарайшықтық ақын Серік Қойшығұловтың "Сарайшық" өлеңін оқыды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/3452140554865572

- 27.11.2020 жыл - APEC PetroTechnic жоғары колледжінің студенті Әлия Саматова танымал ақын, "Шабыт" халықаралық шығармашыл жастар фестивалінің лауреаты Әлия Дәулетбаеваның “Ай астында бір көл бар...” поэмасынан үзіндіні оқыды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2777184705932155


9.9 «Музей қонақтары» айдары

- 03.12.2020 жыл - т.ғ.д., профессор Аққали Ахмет ортағасырлық Сарайшық қаласы және "Сарайшық" музей-қорығының өлке тарихындағы орны турасында пікірімен;



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/396695198411793

- 08.12.2020 жыл - Түркістан облысы, Ордабасы ауданынан келген қонағымыз музей-қорықтан алған әсерімен бөліседі.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/822363944991715

- 2020 жылғы 22 қыркүйекте қоғам қайраткері Танкиев Кадірғали Қоңырұлы мекеме жұмысына ризашылық білдіріп, мол табыстар тіледі.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/769913863807185

9.10 «Дәстүрмен кездесу» жобасы – бұл халқымыздың асыл мұрасы - салт-дәстүрімізді жаңғырту, заманауи тұрғыда құндылықтарымызды ұлттық тәрбие аясында ұсыну болды. Биылғы жылы құрылғанына 25 жыл болған Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен жүздесіп, пікір алмасу барысында «Святоч» славян этномәдени бірлестігінің төрайымы Биткова Раиса Афанасьевна, «Иверия» грузин этномәдени бірлестігінің төрағасы Бобохидзе Зураб Гедеванович және болгар мәдени орталығының өкілі Стамов Владимир Дмитриевич жүрекжарды лебіздерімен бөлісті.




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/106729057920775/?__so__=channel_tab&__rv__=latest_videos_card

https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/883779329093652/?__so__=channel_tab&__rv__=latest_videos_card

9.11 Атаулы мейрам күндері

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай Сарайшық ауылы тұрғындары Масловтар әулетімен сұхбат өткізді



https://www.facebook.com/KhanOrdalySaraishyk/videos/1021611268233820/?__so__=channel_tab&__rv__=latest_videos_card

- 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне- музей-қорықтың қыздар ұжымының әуенді құттықтауы



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/3400407796640451

– 9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне – «Біз соғысты көрген жоқпыз» бейне-естелік



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/263117801496621/?__so__=channel_tab&__rv__=all_videos_card

- 21-маусым "Халықаралық Әкелер күні" мерекесіне орай барлық әкелерді құттықтады




https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/192295118814473

- 6 шілде “Астана күні” мерекесіне орай “Сарайшық” мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтардың құттықтауы



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/569262737092437

– 15 тамыз – археологтар күнімен құттықтау бейнеролигі



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/2715406132048444

- 19 қыркүйек Аналар күні мерекесіне орай – музей-қорықтың ғалым хатшысы Ж.Диярова М.Мақатаевтың «Шеше, сен бақыттысын» өлеңін жолдап, барша Аналарымызды мерекемен құттықтады



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/313087043327332


- 1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күніне «Елбасы - Сарайшықта» атты бейнеролик дайындалды



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/1278575849208243

- 15 желтоқсанда- “Менің туым. Менің Елім!” челлендж аясында, музей-қорықтың 7 қызметкері әлеуметтік желілерде пост шығарды

- Музейдің негізін қалаушылардың бірі, өнер зерттеуші Қуанғали Қаштеұлы Жұмалиевке арналып бейнеролик дайындалды.



https://www.facebook.com/1646633785349553/videos/438593110872219

9.12 «Сарайшықтың 10 кереметі» жобасы

- 2020 жылдың алғашқы Ғылыми кеңес отырысында аға ғылыми қызметкер А. Жумабаев таныстырды. Сарайшықтың 10 кереметі төмендегідей:

1 Сарайшық - Азия мен Европаны байланыстырған Жібек жолының алтын көпірі. Екі континеттің шекараларында орналасқан Сарайшық арқылы Еуропа мен Азиядан тауарлары тиелген көптеген керуендер, көпестер және саяхатшылар өткені дереккөздерден белгілі. «Хаджи-Тархан – Сарай – Сарайшық – Үргеніш – Отырар – Алмалық – Ханбалық», кейіннен– «Хаджи-Тархан – Сарайшық – Үргеніш – Бұхара» сауда жолында Сарайшық қаласы маңызды рөл атқарды.

2 Сарайшық - ортағасырлық қолөнершілер орталығы. Сарайшықта қол өнері дамыды, қыштан құмыра түрлерін, су жүретін құбыр жасау шебер игерілді, олар қала тұрғындарының игілігіне пайдаланылды. Сарайшық шеберлері қолынан шыққан өнімдердің қай-қайсысы болса да, шетелдік базарларда ұялмай ұсынарлық деңгейде болған.

3 Сарайшық - мәдениет пен діннің қаласы. Алтын Орда ханы Берке (1209 - 1266 жж.) ислам дінін Сарайшық қаласында қабылдаған.

4 Сарайшық - Қазақ хандығының астанасы. Сарайшықты өз астанасы еткен Қасым ханның (1511-1518 жж.) тұсында Қазақ хандығы халқының саны 1 миллионнан асатын, алып елге айналды.

5 Сарайшық - Ноғай Ордасының орталығы. Ноғай ордасының негізін салушы Әмір Едіге (1352-1419 жж.) Сарайшық қаласын өз астанасы етіп бекіткені тарихтан белгілі.

6 Сарайшық - тарихи тұлғалардың кіндік қаны тамған жер. 1549-1554 жылдары Үлкен Ноғай ордасының билеушісі болған Едіге әулетінің ұрпағы Жүсіптің қызы, Қазан хандығының 1549-51 жылдардағы билеушісі Сүйімбике ханым (1516-1554 жж.), Қасым (Касимово) хандығының ханы, Тәуекел ханның немере інісі, Ондан сұлтанның ұлы Оразмұхаммед сұлтан (1573 -1610 ж.ж) - Сарайшық қаласында дүниеге келген.

6 **Сарайшық – Жошы Ұлысының (Алтын Орданың) астанасы.** Ортағасырлық қала Сарай Бату (өөө), Сарай Беркемен (өөөө) бірге алып империяның саяси орталығы болды. Пигаревөөөө. Сарайшықта Жәнібек хан, Бердібек хан алтын таққа отырды.

7 **8 Сарайшық - хандар пантеоны.** Ә. Мұқтардың «Сарайшық – Жошы ұлысы билеушілерінің пантеоны» мақаласында Алтын Орда хандары Жошының Батуынан тарайтын ұрпақтары Тоқтағу Мөңке Теміруұлы (1290-1312 жж.), Жәнібек Өзбекұлы (1342-1357 жж.), Бердібек Жәнібекұлы (1357-1359 жж.), Жошының Тоқай Темірінен тарайтын Тоқтамыс Тайқожаұлы (1350 - 1406 жж.), Жошының Орда Еженінен тарайтын қазақ хандарының атасы Ақ орда ханы Барақ Құйыршықұлы (т.ж. белгісіз - 1428 ж.), Қазақ хандығының билеушісі Қасым Жәнібекұлы (1445-1518 жж.) Сарайшықта жерленгені баяндалады.

9 Сарайшық - өз заманының озық технологиялар даму орталығы. Араб саяхатшысы Ибн Баттутаны Сарайшық қаласына келгендегі саяхатында ғажаптандырған «жүзбелі көпір» еді. Мұндай көпірді Ибн-Баттута сол кездегі Ирак астанасы Бағдатта кездестіргенін таңдана жазады.

10 Сарайшық - тиын сарайлар шеберханасы. Сарайшықта соғылған тиындар басқа шеберханаларда соғылған тиындарға ұқсамаған. Мысалы, археолог З. Самашевтың мақаласында қаланың мәдени қабаттарының жоғарғы қыртыстарында негізінен V қазбалар тұсы аталмыш заманға қатысты пұл ақшалар кездескені айтылады. Ол ақшалар Сарайшықтан басқа еш жерде кездеспейді, ал олардың саны тіркелгендері бойынша отыздан астам және тек ғана Сарайшықта соғылғанын көрсетеді.

10 Қаржы және мемлекеттік сатып алулар

Мекеменің 2020 жылға бюджеттік қаржы жоспары – 64 885,0 мың теңге. Жыл соңында еңбекақыдан үнемделген 1 261,0 мың теңге қаражатқа Мәдениет және спорт министрлігінің рұқсатымен мекемеге қажетті негізгі құрал жабдықтар (моноблок – 323 991 теңге, компьютер жиынтығы – 409 299 теңге, ноутбук – 359 990 теңге, принтер – 113 948 теңге 80тиын, сплит-система – 53771 теңге 20 тиын) алынды. Бюджет қаражаты жоспар бойынша толық игерілді. Жыл аяғына есеп шотта 34 198 теңге 59 тиын қалдық қалды.

Ақылы табыс 2020 жылға жоспар – 1 324,0 мың теңге. Елде орын алған пандемияға байланысты наурыз-тамыз айлары аралығында музейге келушілерді қабылдамауына байланысты жоспар орындалмады. Жыл бойына – 946,0 мың теңге қаражат түсті. Оның

696,0 мың теңгесі музейге келген көрермендерден, ал 250,0 мың теңгесі «К17» ЖШС-мен келісілген археологиялық барлау қызметі үшін. Бұл қаражат мекеменің қажеттіліктеріне жұмсалды. Жыл аяғына 914 теңге 75 тиын қалдық қалды. Жыл соңында Министрліктің келісімімен ақылы табыс жоспары 994,0 мың теңгеге қысқартылды.

2020 жылдың қазан айында Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мекемесі 2020-2022 жылдарға арналған №AP08856940 «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.) «тарих, естелік, тағылым» ғылыми жобасын ұтып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті мен «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мекемесі арасында ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруды жүзеге асыру туралы №265 келісім шартқа қол қойылып, келісім шарт негізінде 2020 жылғы қазан-желтоқсан айларына 10 487 883,20 теңге қаражат түсті. Бұл жоба бойынша мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мақсатында 3 038 910 теңгеге негізгі құралдар сатып алынды (принтер- 299 990 теңге, дрон- 899 990 теңге, цифрлық фотоаппарат- 490 990 теңге, объектив-19 990теңге, компьютер- 417 980теңге, ноутбук-499 990 теңге). Жыл соңында қаражат толықтай игерілді.

11 Шаруашылық жұмыстары

Бөлім қызметкерлері ағымдағы жылы музей ғимаратының ахуалын, кеңселік жиһаздарды, инженерлік инфрақұрылымды, шаруашылық құрал-саймандарын, тауарлық-материалдық құндылықтардың ағымдағы жөнделуін, сақталуын қарап-қадағалап отырды.

Музей ғимараты ішінде және оған жапсарлас қорық аумағын күтіп-баптауда тиісті тәртіп сақталған, мекемеде жалпысанитарлық тазалық және абаттандыру уақытында жүргізілді. Музей-қорық аумағы мен іргелес аумақтарды таза ұстау қадағаланды. Барлық ғимараттарда санитарлық-тазалық жұмыстары өткізілді. Ғимараттарда насекомдар мен зиянкестерге қарсы арнайы дәрілермен санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді.

Пандемияның алдын-алу шараларына байланысты қимыл-қозғалыстар алгоритмінің сақталуы қатаң бақылауда болды. Әлеуметтік ара қашықтықты сақтау үшін 2 м аралық белгілері, санитарлық залалсыздандыру құралдары талапқа сай жасалды. Қорық-музей мен оған жанаса орналасқан объектілер орналасу реттеріне қарай шартты түрде бес аумаққа бөлінді.

Қаңтар-ақпан және желтоқсан айларында музей-қорық аумағындағы жаяу жүргінші жолдары, көлік тұрағы қар мен мұздан уақытында тазаланып отырды. Наурыз айында аумақтағы суғару жүйелері тексерістен өтіп, қажетті жөндеу жұмыстары өткізілді. Музей-қорық аумағы ескі жабайы шөп-шаламнан тазаланып, жиналып, арнайы орынға шығарылды. Сәуір айынан бастап аббаттандыру мақсатында музей ғимараты алдына декоративті гүлдер отырғызылды, көгалдандыру алқаптары ретке келтіріліп, топырақ тыңайтылды. Гүлдер мен көгалдар, жасыл ағаштар күтіп-бапталып, өз уақытында суғарылып отыр. Олар қажетіне қарай органикалық, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етілді. «Birgemiz» жалпыұлттық волонтерлік жобасының «Asyl mura» бағыты бойынша «Babalar izimen» экспедициясының мүшелері музей-қорық ауласына көшеттер отырғызды.

Шаруашылық жұмыстарына қажетті техникалық еңбек құралдары, аспап-жабдықтар сатылып алынды (секаторлар, күректер, пластик құбырларды дәнекерлегіш, электр сымдары, электр шамдары). Сонымен бірге, археологиялық зерттеу жұмыстарына да қажетті заттар алынды (арба, қолғап, қаптар).

Аумақтағы этноауыл нысандарын ықшамдап шоғырландыру мақсатында киіз үй сүйегі құрылған экспозиция орны ауыстырылды. Көне арбалар да киіз үй маңына көшірілді. Сыртқы экспозициядағы бірқатар маңызды жәдігерлер табиғи эрозиялық процестер әсерінен бүлінбеу үшін музей залына орналастырылды.

Мекеме қызметкерлері терроризмге қарсы қолданылар шаралар жөніндегі оқуларға қатысып, лаңкестіктің алдын-алу мақсатындағы теориялық білімі бойынша онлайн дәрістер тыңдады. Қызметкерлердің оқу курсынан өткені жөнінде "Республикалық біліктілікті арттыру және қайта даярлау орталығы" ЖШС тарапынан арнайы сертификат берілді.

Қызметкерлер діни экстремизм тақырыбында «Сарайшық» мешітінің имамы Ж.Кенжалиевтің өткізген дәрістеріне қатысты.

Мекемедегі электр жүйелері "Ізім" ЖШС тарапынан профилактикалық тексеруден өткізілді. Музей-қорықтың сыртқы және ішкі жарықтандыру жүйесі, электр желілері реттеліп іске қосылды. Жарық шамдарының нүктелері көбейтіліп, жаңа көше шамдарына ауыстырылды.

Өрт қауіпсіздігіне байланысты жұмыстар өз уақытында жүргізілді, өртке қарсы дабыл мен күзет дабылы тексерістен өтті. Бейнебақылау жүйесінде жаңадан веб-камералар қосылып, музей ғимараты барлық жағынан онлайн режимде бақылаумен қамтамасыз етілді. Мекемені күзету «Сұңқар-Секьюрити» күзет фирмасы» ЖШС-мен жасалған келісім бойынша атқарылды.

Мекеме балансынан шығарылған 3 дана ескі автокөліктердің құжаттары толтырылып, Атырау облысы мемлекеттік меншік департаментіне тапсырылды, мүліктерді аукцион арқылы сату ұсынылған. Аукционды мемлекеттік меншік департаменті өткізеді.

Сонымен қатар, 2020-2021 жылдарға арналған жылу маусымына дайындық жұмыстары жүргізілді. Арнайы мамандар көмегімен техникалық тексеру өткізіліп жылу беруге рұқсат алынды. 15 қазаннан бастап мекеме ғимаратына жылу берілді.

Музей-қорық ауласынан ортағасырлық Сарайшық қаласы орнына қысқа әрі тез жеткізетін маршрут жасақталып, жол салынды. Әкімдікпен бірлесе жол үстіндегі инженерлік коммуникация желілері (газ, су құбырлары, электр желісі) бірыңғайластырылып, беткі қабаты тегістелді. Ескерткіш маңында автокөлік тұрағы дайындалды. Демеушілердің көмегімен жаяу жолға төсейтін плиткалар алынып, археологиялық нысандар арасына төселді.

Археологиялық нысандардың қауіпсіздігін бақылау мақсатында қорықшы-күзетші жұмысқа алынды.

Қорытынды

2020 жылы «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес қызмет атқарды. Музейге келушілер саны бойынша, 2019 жылы 18 501 адам болса, 2020 жылы 2 716 көрермен музейге келген. Көрермен санының азаюына, әлемдік пандемия әсер етті, музей-қорық наурыз-қыркүйек айлары аралығында және желтоқсан айында келушілер үшін жабық болды.

Алайда, бұл кезде музей-қорық жұмыстары онлайн форматта жалғасып, онлайн экскурсиялар, онлайн көрмелер ұйымдастырылып отырды.

Қазан айында музей-қорық Махамбет ауданы әкімдігімен бірлесе Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаевтың Алтын Орданың 750 жылдығын жоғары деңгейде атап өту тапсырмасын іс жүзіне асыру мақсатында «Сарайшық: Тарихқа тұнған туған өлке» тақырыбында II облыстық суретшілер мен қолөнершілер байқауын өткізді. Байқауға облыс көлеміндегі кәсіби суретшілер мен қолөнершілер қатысты. Осы байқау нәтижесінде музей-қорық қоры сурет жанры бойынша 5 суретпен, қолөнер жанры бойынша 4 қолөнер туындыларымен толықты.

Онлайн форматтағы жұмыстар музей-қорықтың мәдени білім беру бағытында жаңа жұмыстар бағытын ашты. Олар: онлайн дәрістер, «Ортағасырлық Сарайшық ғалымдар көзімен» жобасы, бейне-сабақтар, үйірмелік жұмыстар, ғалымдар мен өлкетанушылармен сұхбат бағытында 6 жобаны іске асырды. Мәдени-көпшілік шаралар бойынша,

«Сарайшық туралы кім көп біледі?» викториналық ойындары, «Өз қолыммен» шеберлік сағаты, «Өнер адамдары Сарайшықты жырлайды» жобасы, «Еріктілер жылы» аясында «Я покажу тебе музей» жастар бағдарламасы және атаулы мереке күндеріне арналған әр түрлі бағыттағы бейнероликтер дайындалды. Музей-қорық ғалымдары есепті жылы монографиялар дайындауды жалғастырды. Нәтижесінде, т.ғ.д., профессор Ә. Мұқтардың «Біріншілер» және Ә.Мұқтар, Ұ.Ахметова, А.Жумабаевтың «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы» атты монографиялары жарыққа шықты.

«Сарайшық» музей-қорығы 2020 жылы 1 республикалық конференция, 7 дөңгелек үстел және 1 ғылыми әдістемелік кеңес ұйымдастырды. 2020 жылы 28 ақпанда «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві бірлесе Нұр-Сұлтан қаласында Алтын Орданың 750 жылдығы, Қасым ханның туғанына 575 жыл, Қазақ хандығының 555 жылдығына орай «Сарайшық – Ұлы Дала мұраты: мемлекеттілік және тарихи сабақтастық» атты дөңгелек үстел өткізді.

Ағымдағы жылы 15 мамырда «Сарайшық» музей-қорығытуының ұйымдастыруымен «Туған өлкені зерттеу: оның маңызы және басым бағыттары» II республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы онлайн форматта «Zoom» платформасы арқылы өтті. Конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Қостанай, Ақтөбе, Атырау, т.б. қалалардан қызығушылық танытқан ғалымдар, музей мамандары, т.б. әлеуметтік желі қолданушылары қатысты.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2020-2022 жылдарға жариялаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға жариялаған конкурсқа 2 жоба дайындалды. Осы конкурстан «ГУЛАГ жүйесіндегі Прорва және Астрахань лагерлері (1932-1950 жж.): «тарих, естелік, тағылым» жобасы (ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор У.Т.Ахметова) ұтып, Білім және ғылым министрлігінің қаражаты бойынша музей-қорық қызметкерлері «Прорва лагері» бойынша зерттеулер жүргізетін болады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті мен «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК мекемесі арасында ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруды жүзеге асыру туралы №265 келісім шартқа қол қойылып, келісім шарт негізінде 2020 жылғы қазан-желтоқсан айларына 10 487 883,20 теңге қаражат түсті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру конкурсына 1 жоба, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурсқа 4 жоба тапсырылды.

2020 жылдың маусым-қазан айлары аралығында музей-қорық қызметкерлері ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихи-мәдени ескерткішінде «Хан моласы» қазба орнына зерттеу жұмысын жүргізді. Қазба орны таңдалып алуына бірнеше түпдеректер себеп болды. Олардың қатарында 1861 жылғы әскери топограф А. Алексеевтің жасаған Сарайшықтың сызба картасы және атыраулық қоғам қайраткері Ш. Қаржауовтың естелігі бар. Осы аталған А.Алексеевтің сызбасында белгіленген «Аулие-склеп» орны мен зираттың көне бөлігінде жерленген, Шоқан Қаржауовтың әкесі Мырзағали Қаржауовтың бейіті тұспа-тұс келіп тұр.

Қазба-зерттеу жұмыстары нәтижесінде жер бетінен 2 м тереңдікте ізбес (ганч) ерітіндімен қаланып қыш кірпіштен салынған күмбезді құрылыс құландысы табылды. Бұл беделді адам жерленген көрхана деп есептейміз. Өйткені Сарайшықта толықтай ізбес ерітіндісімен қаланған жерлеу нысаны бұған дейін кездеспеген. Болжам бойынша, бұл көрханада қазақтың біртуар ұлы, Қазақ хандығының билеушісі, «Қасқа жол» заңдар жинағының авторы атақты Қасым хан Жәнібекұлы жерленген болуы мүмкін. Әзірге

кесенені толық топырақтан ашу, көрханадағы сүйектерді шығару мүмкін болмай отыр. Сол бағытта бірқатар шараларды жүзеге асыруға министрлікке, Атырау облысы әкімдігіне хаттар жолданды.

2020 жылғы тамыз-қараша айлары аралығында «Қазархеология» ЖШС ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткіші орнында археологиялық нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстарымен айналысты. Осы жұмыстар нәтижесінде 14 тұрғын үй-жай бөлмелері мен 1 кесенеге қалпына келтірілді.

2020 жылы музей-қорықтың ғылыми қызметкерлері облыс аумағында «Сарайшық - Сарай-Бату» қалалары арасындағы керуен жолдарын зерттеу мақсатында Исатай, Құрманғазы аудандары аумағында орналасқан Нарын құмына, «Сарайшық - Үргеніш» қалалары арасындағы көне керуен жолдарын зерттеу мақсатында Махамбет, Мақат және Жылыой аудандарының территориясына, Индер ауданы аумағында орналасқан Тасоба мекені ескерткіш орнына, Махамбет ауданы, Ақжайық ауылдық округы аумағында орналасқан «Қызылүй» мектебі орнына археологиялық барлау жұмыстарын ұйымдастырды. Осы экспедициялар нәтижесінде музей-қорық қоры 410 жәдігерге толықты.

Музей-қорық жаңалықтары мекеменің сайтында (222 жарияланым), әлеуметтік желілерде (фейсбук-438, инстаграм 322, ютуб каналдарында -50) жарияланып отырды. Нәтижесінде қаралым саны (фейсбук-89381, инстаграм 9354, ютуб каналдарында – 581) көбейіп, сайтқа және әлеуметтік желілерге тіркелушілер саны өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге (фейсбук-2019 жылы -651, 2020 жылы -1031, инстаграм – 2019 жылы -141, 2020 жылы -228, ютуб каналдарында – 2019 жылы -0, 2020 жылы -50) асты. Сондай-ақ, 2019 жылмен салыстырғанда тіркелушілер қатарына 3 жаңа Сербия, Болгария, Армения мемлекеттері қосылды. Оған қоса «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Үш Қоңыр», «Атырау», «Прикаспийская коммуна», «Жайық шұғыласы» газеттерінде 20 мақала, телеарналарда - «Хабар 24» - 3, «Қазақстан Атырау» - 9, «МИР» телерадиокомпаниясы - 2 , «Kazakh TV» – 1, «Қазақстан» телеарнасы - 1 телекөрсетілім жарияланды. Қорыта келгенде «Сарайшық» музей-қорығы жұмысы әлеуметтік желілерде, газет-журнал беттерінде және телераналарда кеңінен насихатталды.

2020 жылы 21-мамыр Мәдениет және өнер қызметкерлерінің мерекесіне орай 5 мекеме қызметкерін бас есепші А.Қайреденова- ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, бас қор сақтаушы О.Сағынбаева - «Туризм саласының үздігі» төсбелгісі, археолог А.Жұмабаев, кіші ғылыми қызметкер Н.Нұғманова, жәдігерлермен таныстырушы С.Бекешованы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Құрмет Грамотасы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің марапаттарымен марапаттады.

2020 жылы музей қорықтың материалдық-техникалық базасы да жаңартылды. Еңбекақыдан үнемделген 1 261,0 мың теңге қаражатқа Мәдениет және спорт министрлігінің рұқсатымен мекемеге қажетті кеңселік техника (моноблок – 323 991 теңге, компьютер жиынтығы – 409 299 теңге, ноутбук – 359 990 теңге, принтер – 113 948 теңге 80 тиын, сплит-система – 53771 теңге 20 тиын), ғылыми жоба бойынша 3 038 910 теңгеге кеңселік және техникалық құрал-жабдықтар сатып алынды (принтер, дрон, цифрлық фотоаппарат, компьютер, ноутбук).

Қорыта келгенде, «Сарайшық» музей-қорығының 2020 жылғы жұмыс жоспары пандемия салдарына қарамастан толық жүзеге асты. Алдағы жылы ғылыми зерттеу саласына мән беріліп, қазақтың атақты ханы Қасым ханның Сарайшықта жерленгеніне 500 жыл толуына байланысты «Хан моласына» зерттеу жұмыстарын жалғастыру, республика көлемінде конференция және көрме ұйымдастыру жоспарлануда. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін жан-жақты қолдау қажет.